В казахской пословице (Көше – қаланың көркі, көкорай – даланың көркі) назидательность, иносказательность и в то же время образность, перенос значения направлены на человека, т.е. антропоцентризм передан имплицитно, но полностью понятно, что улица украшение города, в ней фонари, рекламы, тротуары, переходы и т.д., также как степь украшается травой, цветами в разных окрасках, делая ее красивой, а весной прекрасной. Для казаха (жителя степи) степь – его дорога, а трава – украшение его дороги. Когда он приезжает в город и видит красивые улицы не только с городскими атрибутами, но и украшенными красными, желтыми, зелеными цветами (посаженных вдоль дороги) он ассоциирует это с красивой травянистой степью, поэтому и возникает в его сознании соответствующая ассоциация и рождается соответствующая пословица.

В узбекской пословице (Ёлғиз дарахт ўрмон бўлмас) заложен антропоцентризм, который также, как и в других пословицах, выражен имплицитно, но в соответствии с узбекской

национально-культурной спецификой. В пословице нет степи, нет травы. Есть дерево, да еще одинокое. Узбек, как правило, садовод. Для него такое видение, как одно единственное дерево, да еще неизвестно плодоносящее или неплодоносящее – явление нестандартное, непривычное. В сознании узбека сад – это плодоносящий небольшой лес. Одинокое дерево не может быть садом, не может быть лесом. Поэтому такое видение (одинокое дерево) в сознании узбека порождает как удивление, так и некоторое разочарование: надо вокруг этого дерева посадить и другие деревья, чтобы оно не было одиноким, тогда будет сад, садовый лес.

Заключение

Антропоцентризм рассматривает человека как центр мироздания, как созидателя. Согласно теории антропоцентризма, все другие живые существа и природа должны служить во благо человека.

Учение об антропоцентризме создал сам человек (антропос), когда начал понимать, осознавать, что он и есть вершитель всего в этом земном мире.

Антропоцентризм занимает большое место во всех сферах деятельности человека и в результатах этой деятельности.

Одним из результатов языковой и трудовой деятельности человека являются паремии, в системе которых значительное место занимают пословицы.

Антропоцентризм в пословицах выражается обобщенно, собирательно и конкретно. Способы выражения антропоцентризма в пословицах полиаспектные: эксплицитное, когда антропоцентризм передается с использованием языковых единиц, обозначающих понятие человек; имплицитное, когда антропоцентризм передается без использования языковых единиц, обозначающих понятие человек, но назидательность, нравоучительность паремии направлена на человека. Таким образом, все пословицы антропоцентричны, так как их содержательный, смысловой, семантический аспекты обращены к человеку, призывая, предлагая ему что-то делать, что-то не делать, что-то принимать, что-то не принимать и т.д.

Выражение антропоцентризма при имплицитном способе его реализации в паремии может быть продемонстрировано посредством использования названий разновидностей флоры, животных – животных как с позитивным содержанием их сущности, так и с негативным. При этом вместе с понятием антропоцентризма нередко на передний план выходит и религиозный аспект проблемы: какова оценка этого животного в канонах ислама, христианства, иудаизма. Это касается, как правило, разрешения или запрета на употребление мяса этого животного человеком в пищу. Это обстоятельство, а также эксплицитное и имплицитное выражение антропоцентризма в пословице свидетельствуют об общечеловеческом (универсальном) и национально-культурном ее содержании, на формирование которых оказывают влияние и каноны той или иной религии, наряду с другими лингвистическими и экстралингвистическими факторами формирования паремии и в целом паремиологии, как реализатора антропоцентризма в жизни человека и общества.

Сопоставительный анализ пословиц русского, узбекского, казахского, английского языков, содержащих и выражающих антропоцентризм эксплицитно и имплицитно, показал, что в них общечеловеческое и национально-специфическое, статически и динамически – единое целое. Различия кроются в особенностях выражения национально-культурного аспекта в пословице (рус.: мужик, баба, свинья, гусь; каз.: еркек, қатын, қой, есек). Пословица антропоцентрична, если даже в ней человек выражается переносным обращением (с использованием зоонимов, наименований флоры), потому что пословица создается человеком о человеке, для человека.

Результаты, выводы и перспективы работы вытекают из решения поставленных задач, цели исследования, использования сопоставительного, семантико-стилистического и др. методов, поэтому возможно их использование в собственно-научных, учебно-научных исследованиях и в учебном процессе вуза при изучении дисциплин введение в языкознание, общее языкознание, сопоставительная лингвистика.

Литература

- Антропоцентризм в языке и культуре. Сборник статей. – Москва: Индрик, 2017. – 264 с.
- Бакиров П.У. Семантика и структура номинацентрических пословиц (на материале русского, узбекского, казахского языков). – Ташкент: Фан, 2006. – 296 с.
- Даль В.И. Пословицы русского народа. – Москва: Изд-во ЭКСМО. – Пресс: Изд-во ННН, 2003. – 616 с.
- Джусупов М. Антропоцентрические пословицы как лингвоконтрастивная и лингвометодическая проблема // Иностранные языки в Узбекистане. – 2022. № 5(46). – С. 37-52.
- Джусупов М. Звуковые системы русского и казахского языков. Слог. Интерференция. Обучение произношению. – Ташкент: Фан, 1991. – 241 с.
- Джусупов М. Межъязыковое и межкультурное контактирование: понятие, слово, психообраз, интерференция // Филологические науки. НДВШ. – Москва, 2016. № . – С. 22-34.
- Джусупов Н.М. Когнитивная стилистика: теория и практика стратегии выдвижения в художественном тексте. – Ташкент: «VneshInvestProm», 2019. – 464 с.
- Джусупов Н.М. Теория выдвижения в лингвистических исследованиях: истоки, тенденции, вопросы интерпритации // Вестник Российского университета дружбы народов. Серия: Теория языка. Семиотика. Семантика. – Москва, 2016. №2. – С. 41-50.
- Камбарова М.А. Национально-специфические, общечеловеческие и структурные аспекты номинацентрических пословиц английского, русского и казахского языков // Ўзбекистонда хорижий тиллар. – Ташкент, 2020. № 3 (32). – С. 72-86.
- Қазақ мақал-мәтелдері. Жинап құрастырған Ө. Тұрманжанов. – Алматы: «Ана тілі», 1997. – 184 б.
- Лафта Адиан Хабиб, Ю.Т. Листрова-Правда. Русские пословицы с названиями животных на фоне близких по смыслу арабских пословиц. – Воронеж, Вестник ВГУ, Серия: Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2008, Выпуск 4. – С. 50-54.
- Маджидова Р.У. Антропоцентризм как один из ведущих принципов современного языкознания // Илм сарчашмалари. – Ургенч, 2006. №2 (22). – С. 83-86.
- Маргулис А., Холодная А. Русско-английский словарь пословиц и поговорок // McFarland & Company, Inc., Publishers Jefferson, North Carolina, and London, 2000. – 487 с.
- Можно ли христианам есть свинину? Портал «Православная жизнь»; авт. Владимир Пучков. [Электронный ресурс] – URL: [https:// pravlife.org/ru/content/mozhno-li-hristianam-est-svininu](https://pravlife.org/ru/content/mozhno-li-hristianam-est-svininu) (дата обращения 02.03.2023)
- Ослятина – Википедия. [Электронный ресурс] – URL: [https:// https://ru.wikipedia.org/wiki/Ослятина](https://ru.wikipedia.org/wiki/Ослятина) дата обращения 05.08.2022
- Пермяков Г.Л. Пословицы и поговорки народов Востока. – Москва: ИВЛ, 1979. – 671 с.
- Попова З.Д., Стернин И.А. Очерки по когнитивной лингвистике. – Воронеж: «Истоки», 2001. – 191 с.
- Почему иудеи и мусульмане не едят свинину – журнал «Вокруг света» Электронный ресурс] – URL: [https:// www.vokrugsveta.ru/quiz/649/](https://www.vokrugsveta.ru/quiz/649/) дата обращения 05.08.2022
- Тажибаева Р.Д. Антропоцентризм как один из принципов исследования пословиц // Вестник Карагандинского государственного университета им. Е.А. Букетова. 2005. №1. – С. 39-43.
- Ўзбек халқ мақоллари. Тузувчилар: Мирзаев Т., Саримсаков Б., – Ташкент: Шарқ, 2003. – 512 б.
- Христианам также нельзя есть свинину. Об этом сказано в Библии; портал «Дзен»; авт. Александр Гримм. [Электронный ресурс] – URL: [https:// https://dzen.ru/a/YGcoDKZJ-НyR9zBF](https://dzen.ru/a/YGcoDKZJ-НyR9zBF) (дата обращения 05.08.2022)

References

- Antropocentrizm v jazyke i kul'ture. Sbornik statej. Moskva: Indrik, 264 s. [Anthropocentrism in language and culture. Collection of articles. Moscow: Indrik, 264 p.] (in Russian)
- Bakirov, P.U. (2006) Semantika i struktura nominatscentricheskix poslovic (na materiale russkogo, uzbekskogo, kazahskogo jazykov). Tashkent: Fan, 296 s. [Bakirov, P.U. (2006) Semantics and structure of nominocentric proverbs (based on the material of Russian, Uzbek, Kazakh languages). Tashkent: Fan, 296 p.] (in Russian)
- Dahl, V.I. (2003) Posloviцы russkogo naroda. Moskva: Izd-vo EKSMO-Press: Izd-vo NNN, 616 s. [Dahl, V.I. (2003) Proverbs of the Russian people. Moscow: Publ. EKSMO Press: Publ. NNN, 616 p.] (in Russian)
- Dzhusupov, M. (2022) Antropocentricheskije posloviцы kak lingvokontstrativnaja i lingvomethodicheskaja problema. Inostrannje jazyki v Uzbekistane. № 5(46). S. 37-52. [Dzhusupov, M. (2022) Anthropocentric proverbs as a linguocontrastive and linguometodic problem. Foreign languages in Uzbekistan, Tashkent: №. 5(46), P. 37-52.] (in Russian)
- Dzhusupov, M. (1991) Zvukovye sistemy russkogo i kazahskogo jazykov. Slog. Interferencija. Obuchenie proiznosheniju. Tashkent: Fan, 241 s. [Dzhusupov, M. (1991) Sound systems of Russian and Kazakh languages. Syllable. Interference. Pronunciation training. Tashkent: Fan, 241 p.] (in Russian)
- Dzhusupov, M. (2016) Mezhhjazykovoe i mezhhkulturnoe kontaktirovanie: ponjatije, slovo, psihoobraz, interferencija. Filologicheskie nauki. NDVSh. Moskva, №.5. S. 22-34. [Dzhusupov, M. (2016) Interlanguage and intercultural contact: concept, word, psycho-image, interference. Philological sciences. NDVSH. Moscow: No. 5. P. 22-34] (in Russian)
- Dzhusupov, N.M. (2019) Kognitivnaja stilistika: teorija i praktika strategii vydvizhenija v hudozhestvennom tekste. Tashkent: VneshInvestProm, 464 s. [Dzhusupov, N.M. Cognitive stylistics: theory and practice of the promotion strategy in

a literary text. Tashkent: VneshInvestProm, 464 p.] (in Russian)

Dzhusupov, N.M. (2016) Teoriya vydvizheniya v lingvisticheskikh issledovaniyakh: istoki, tendencii, voprosy interpretatsii. Vestnik Rossijskogo universiteta druzhby narodov. Seriya: Teoriya jazyka. Semiotika. Semantika. Moskva, №2. S. 41-50. [Dzhusupov, N.M. (2016) Theory of advancement in linguistic research: origins, trends, issues of interpretation. Bulletin of the Peoples' Friendship University of Russia. Series: Theory of Language. Semiotics. Semantics. Moscow, № 2. P. 41-50] (in Russian)

Hristianam takzhe nel'zja est' svininu. Ob jetom skazano v Biblii; portal "Dzen"; avt. Aleksandr Grimm. Jelektronnyj resurs. – URL: <https://dzen.ru/a/YGcoDKZJ-HyR9zBF> data obrashcheniya 05.08.2022 [Christians are also not allowed to eat pork. The Bible says this; Zen portal; avt. Alexander Grimm. [Electronic resource] – URL: <https://dzen.ru/a/YGcoDKZJ-HyR9zBF> (appeal data 05.08.2022)] (in Russian)

Kambarova, M.A. (2020) Nacional'no-spezificheskie, obshchechelovecheskie i strukturnye aspekty nominaciticheskih poslovic anglijskogo, russkogo i kazahskogo jazykov. O'zbekistonda xorijiy tillar. Tashkent: № 3 (32). S. 72-86. [Kambarova, M.A. (2020) National-Specific, Universal Human, and Structural Aspects of Nominocentric Proverbs in English, Russian, and Kazakh Languages. Foreign languages in Uzbekistan. Tashkent: № 3 (32). P. 72-86] (in Russian)

Lafta Adian Habib, Yu.T. Listrova-Pravda (2008) Russkie posloviy s nazvanijami zhivotnyh na fone blizkih po smyslu arabskih poslovic. Voronezh, Vestnik VGU, Seriya: Lingvistika i mezhkul'turnaja kommunikaciya. Vypusk 4. S. 50-54. [Lafta Adian Habib, Y.T. Listrova-Pravda (2008) Russian proverbs with the names of animals against the background of Arabic proverbs similar in meaning. Voronezh, VSU Bulletin, Series: Linguistics and Intercultural Communication. Issue 4. P. 50-54.] (in Russian)

Madzhidova, R.U. (2006) Antropocentrizm kak odin iz vedushhih principov sovremennogo jazykoznanija. Ilm sarchashmalari. Urgench, №2 (22). S. 83-86. [Mazhidova, R.U. Anthropocentrism as one of the leading principles of modern linguistics. Ilm sarchashmalari. Urgench, № 2 (22). P. 83-86] (in Russian)

Margulis, A., Holodnaya, A. (2000) Russko-anglijskij slovar' poslovic i pogovorok. McFarland & Company, Inc., Publishers Jefferson, North Carolina, and London, 487 p.

Mozhno li hristijanam est' svininu? Pravoslavnaja zhizn'; avt. Vladimir Puchkov. Jelektronnyj resurs. – URL: <https://pravlife.org/ru/content/mozhno-li-hristijanam-est-svininu> data obrashcheniya 02.03.2023 [Can Christians eat pork? "Orthodox Life"; avt. Vladimir Puchkov. [Electronic resource]. URL: <https://pravlife.org/ru/content/mozhno-li-hristijanam-est-svininu> (appeal data 02.03.2023)] (in Russian)

Osljatina – Vikipediya. Jelektronnyj resurs. – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Oslyatina> (data obrashcheniya 05.08.2022) [Donkey meat – Wikipedia. [Electronic resource] – URL: <https://ru.wikipedia.org/wiki/Oslyatina> (appeal data 05.08.2022)] (in Russian)

O'zbek xalq maqollari. Tuzuvchilar: Mirzaev T., Sarimsakov B., Tashkent: Sharq, 2003. 512 b. [Uzbek folk proverbs. Compilers: Mirzaev T., Sarimsakov B. Tashkent: Sharq, 512 p.] (in Uzbek)

Permyakov, G.L. (1979) Posloviy i pogovorki narodov Vostoka. Moskva: IVL, 671 s. [Permyakov, G.L. (1979) Proverbs and sayings of the peoples of the East. Moscow: IVL, 671 p.] (in Russian)

Pochemu iudei i musul'mane ne edjat svininu – zhurnal "Vokrug sveta". Jelektronnyj resurs. – URL: <https://www.vokrugsveta.ru/quiz/649/> (data obrashcheniya 05.08.2022) [Why Jews and Muslims don't eat pork. "Around the World" magazine Electronic resource] – URL: <https://www.vokrugsveta.ru/quiz/649/> (appeal data 05.08.2022)] (in Russian)

Popova, Z.D., Sternin, I.A. (2001) Ocherki po kognitivnoj lingvistike. Voronezh: Istoki, 191 s. [Popova, Z.D., Sternin, I.A. (2001) Essays on cognitive Linguistics. Voronezh: Istoki, 191 p.] (in Russian)

Qazaq maqal-matelderi. Zhinap qurastyrgan O. Turmanzhanov (1997) Almaty: Ana tili, 184 b. [Kazakh proverbs and saying. The compiler O. Turmanzhanov (1997) Almaty: Ana tili, 184 p.] (in Kazakh)

Tazhibayeva, R.D. (2005) Antropocentrizm kak odin iz principov issledovaniya poslovic. Vestnik Karagandinskogo gosudarstvennogo universiteta im. E.A. Buketova. №1. S. 39-43. [Tazhibayeva, R.D. (2005) Anthropocentrism as one of the principles of the study of proverbs. Bulletin of the Karaganda State University named after E.A. Buketov. № 1. P. 39-43] (in Russian)

Информация о статье / Мақала туралы ақпарат / Information about the article.

Поступила в редакцию / Редакцияға түсті / Entered the editorial office: 11.05.2024.

Принята к публикации / Жариялауға қабылданды / Accepted for publication: 18.09.2024.

© Джусупов М., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024

Мырзаберген Малбақов^{1*}, Мендіқыз Бердиллаева², Дархан Малбақов³^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы, профессор,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru² гуманитарлық ғылымдар магистрі, Қазақ спорт және туризм академиясы,
Қазақстан, Алматы қ. ORCID: 0000-0003-4484-1461 E-mail: mendikyz07@mail.ru³ гуманитарлық ғылымдар магистрі, Нархоз Университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0003-0013-7552 E-mail: darkhan.malbakov@narhoz.kz**В.В. РАДЛОВ СӨЗДІГІНДЕГІ ҚАЗАҚ СӨЗДЕРІНІҢ
ЛЕКСИКА-СЕМАНТИКАЛЫҚ ҚОЛДАНЫМ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Аңдатпа. Мақала В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздерінің лексика-семантикалық қолданым ерекшеліктерін зерттеуге арналады. В.В. Радлов сөздігінде қазақ тілі лексикасы мол қамтылған. Зерттеу жұмысының мақсаты – осы қазақ тілі лексикасы құрамындағы сөздердің лексика-семантикалық қолданым ерекшеліктерін анықтау. Жеке қарастыруымыздың ең басты себебі – негізгі материалдары XIX ғасырдың орта тұсынан бастап жинақталып, сол ғасырдың соңғы ширегінде жарық көрген қазақ сөздерінің семантикасы қазіргі заманауи қазақ тіліндегі сөздердің семантикасынан біршама ерекшеленеді. Арада жүз елу жыл өткендіктен, ол кездегі сөздердің мән-мағынасында қазіргі сөздердің мағынасынан сәл де болса айырмашылықтың болуы – заңды құбылыс. Ресей империясының қол астына қарауына байланысты дәстүрлі қазақ қоғамында күрделі жүйелік және құрылымдық өзгерістер орын алды. Ресейде бірнеше төңкерістер болып, социалистік қоғам орнады, Кеңестік социалистік республикалар одағы ыдырап, еліміз егемендік алды. Міне, осының бәрі қазақ сөзінің құрамына, оның семантикасына әсер етпей қойған жоқ. Жүз елу жылдық уақыт аралығында сөз семантикасында болған өзгерістерді зерттеу – қазақ тілінің тарихы мен тарихи лексикологиясы үшін маңызды іс болып табылады. Бұл негізінен зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығын айқындайды. Мақалада сөздерді іріктеу, жүйелеу, семантикалық топқа бөлу, құрылымдық сипаттау, синхрондық және диахрондық талдау, салғастыру әдістері қолданылады. Жүргізіліп отырған зерттеудің қазақ лексикасын тарихи-лексикологиялық, тарихи-лексикографиялық тұрғыдан зерделеудегі құндылығы айқын.

Тірек сөздер: сөздік; лексика; лексикография; лексикология; семантика**Қаржыландыру көзі:** Мақала AP19677715 «В.В. Радлов сөздігі: XIX ғ. екінші жартысы мен XX ғ. басындағы қазақ сөздерінің лексикографиялануы мен қалыптануы (лексика-семантикалық аспект)» атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Малбақов М., Бердиллаева М., Малбақов Д. В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздерінің лексика-семантикалық қолданым ерекшеліктері. *Tiltanyum*, 2024. №3 (95). 22-30-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-22-30>**Мырзаберген Малбақов^{1*}, Мендіқыз Бердиллаева², Дархан Малбақов³**^{1*} автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор,
Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru² магистр гуманитарных наук, Казахская академия спорта и туризма,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0003-4484-1461 E-mail: mendikyz07@mail.ru³ магистр гуманитарных наук, Университет Нархоз, Казахстан, г. Алматы,
ORCID: 0000-0003-0013-7552 E-mail: darkhan.malbakov@narhoz.kz**ОСОБЕННОСТИ ЛЕКСИКО-СЕМАНТИЧЕСКОГО УПОТРЕБЛЕНИЯ
КАЗАХСКИХ СЛОВ В СЛОВАРЕ В.В. РАДЛОВА**

Аннотация. Статья посвящена изучению особенностей лексико-семантического употребления казахских слов в словаре В.В. Радлова. В словаре В.В. Радлова представлен богатый словарный состав казахского языка. Целью исследовательской работы является определение особенностей лексико-семантического употребления слов в словарном составе казахского языка. Основной причиной отдельного рассмотрения данного вопроса является то, что семантика казахских слов, основные материалы по которым собирались с середины XIX века и публиковались в последней четверти того же столетия, несколько отличается от семантики соответствующих слов в современном казахском языке. Поскольку с тех пор прошло уже сто пятьдесят лет, то существование незначительной разницы в значении слов того времени от значения слов сегодня является закономерным явлением. В связи с присоединением

к Российской империи в традиционном казахском обществе произошли сложные системные и структурные изменения. В России произошло несколько революций, было создано социалистическое общество, распался Союз Советских Социалистических Республик, а наша страна обрела независимость. И все это не могло не отразиться на структуре казахского слова и его семантике. Изучение изменений семантики слов на протяжении ста пятидесяти лет является важной задачей истории и исторической лексикологии казахского языка. Это во многом определяет научную и практическую значимость исследования. В статье использованы методы выборки и систематизации слов, семантической группировки, структурного описания, синхронного и диахронического анализа, сравнения. Ценность проведенного исследования по изучению казахской лексики с историко-лексикологической и историко-лексикографической точек зрения очевидна.

Ключевые слова: словарь; лексика; лексикография; лексикология; семантика

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта грантового финансирования №AP1967715 «Словарь В.В.Радлова: лексикографирование и кодификация казахских слов II половины XIX в. и начала XX в. (лексико-семантический аспект)».

Для цитирования: Малбаков М., Бердиллаева М., Малбаков Д. Особенности лексико-семантического употребления казахских слов в словаре В.В. Радлова. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). С. 22-30. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-22-30>

Myrzabergen Malbakov^{1*}, Mendikyz Berdillaeva², Darhan Malbakov³

^{1*}Corresponding author, Doctor of Philological Sciences, Professor,

A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0002-3352-0438 E-mail: myrzabergen@mail.ru

²Master of Arts in Humanities, Kazakh Academy of Sports and Tourism,

Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-4484-1461 E-mail: mendikyz07@mail.ru

³Master of Arts in Humanities, Narkhoz University, Kazakhstan, Almaty,

ORCID: 0000-0003-0013-7552 E-mail: darkhan.malbakov@narxoz.kz.

FEATURES OF LEXICO-SEMANTIC USE OF KAZAKH WORDS IN THE DICTIONARY OF V.V. RADLOV

Abstract. The article is devoted to the study of the features of the lexical and semantic use of Kazakh words in the dictionary of V.V. Radlov. The dictionary of V.V. Radlov presents a rich vocabulary of the Kazakh language. The purpose of the research work is to determine the features of the lexical and semantic use of words in the vocabulary of the Kazakh language. The main reason for a separate consideration of this issue is that the semantics of Kazakh words, the main materials on which were collected since the middle of the 19th century and published in the last quarter of the same century, is somewhat different from the semantics of the corresponding words in the modern Kazakh language. Since one hundred and fifty years have passed since then, the existence of a slight difference in the meaning of words of that time from the meaning of words today is a natural phenomenon. Due to the accession to the Russian Empire, complex systemic and structural changes took place in the traditional Kazakh society. Several revolutions took place in Russia, a socialist society was created, the Union of Soviet Socialist Republics collapsed, and our country gained independence. And all this could not but affect the structure of the Kazakh word and its semantics. The study of changes in the semantics of words over one hundred and fifty years is an important task of the history and historical lexicology of the Kazakh language. This largely determines the scientific and practical significance of the study. The article uses the methods of selection and systematization of words, semantic grouping, structural description, semantic unification, synchronic and diachronic analysis, comparison. The value of the conducted research on the study of Kazakh vocabulary from the historical-lexicological and historical-lexicographic points of view is obvious.

Keywords: dictionary; lexicon; lexicography; lexicology; semantics

Source of financing: The article was prepared within the framework of the project of the grant financing of the No. AP1967715 “Dictionary of V. V. Radlov: lexicography and formation of Kazakh words of the second half of the early XIX and XX centuries (lexico-semantic aspect)”.

For citation: Malbakov M., Berdillaeva M., Malbakov D. Features of Lexico-semantic Use of Kazakh Words in the Dictionary of V.V. Radlov. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). P. 22-30. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-22-30>

Кіріспе

В.В. Радлов 1860-70 жылдары қазақ жеріне жасалған ғылыми экспедициялар кезінде қазақ тіліндегі сөздерді, ұғым атауларын ауызекі тілдік қолданымдағы тұлғасында тіркеп отырған. Сөздің семантикасындағы құбылыстарды да жіті аңғарып, дәл белгілеген. Сол тарихи кезеңде негізгі құрамы Ресей патшалығының қарамағында болған түркі халықтарының, тайпалары мен топтарының тілдік бай мұрасын мүмкіндігінше толық қамтуға тырысқан. Осыған байланысты

түркі тілдері бойынша түзілген шамамен жетпіс мың сөзді қамтитын үлкен сөздікте қазақ сөздерінің семантикасы жақсы ашылған. Бұл істе ғалымның кәсіби тілші маман болуының өте үлкен маңызы болды. Оның кәсіби біліктілігі, жоғары тілдік түйсіну қабілеті, тілдік компетенциясы жазып шыққан ғылыми еңбегінің айрықша сапалы болуына жағдай тудырды. Бұл еңбек өзінің маңызы жағынан түркі тілдері негізінде жасалған сөздіктер арасында ортағасырлық ғалым Махмұт Қашқаридың сөздігінен кейінгі орынды алады. Ғалымның бүкіл түркі тілдеріндегі сөздерді жинақтап, олардың семантикасын ашуда бірінші кезекте мағыналық жақындыққа емес, сыртқы тұлғалық, фонетикалық принципке арқа сүйеуі, сол арқылы сөздердің әрі тұлғалық, әрі семантикалық ерекшеліктерін дәл айқындауға ең дұрыс, дәл жолды табуы табысты шешім болғандығы айқын. Бұл зерттеменің қазақ сөзінің семантикасын ашу ісін тарихи лексикологиялық тұрғыдан жүргізетін болашақ зерттеулер үшін маңызды екендігі дау тудырмайды.

Материал және әдістер

В.В. Радловтың бұдан жүз елу жыл бұрынғы мезгілде, XIX ғасырдың орта тұсынан оның соңғы ширегіне дейінгі мерзімде, сол кезде әлемге белгілі негізгі түркі тілдерінің баршасын қамти отырып, түркітаным алаңында жазылған «Опыт словаря тюркских наречий» атты сегіз кітаптан тұратын төрт томдық еңбегі осы жұмыстың басты зерттеу нысаны, негізгі зерттеу материалы ретінде алынып отыр. Мұның өзі нақты тарихи кезеңдегі, яғни XIX ғасырдағы қазақ сөзінің лексикографиялану ерекшеліктерін айқындауға, олардың семантикасындағы тарихи лексикологиялық жағдаяттардың ашылуына әкеледі. Сөз семантикасын ғылыми-практикалық тұрғыдан зерделеу барысында сөздерді семантикалық топтар бойынша іріктеу, құрылымдық тұрғыдан жүйелеу, салааралық реттеу, сипаттама жасау, синхрондық және диахрондық талдау, өзара салғастыру әдістері қолданылады.

Әдебиетке шолу

Аталмыш сөздік 1888 жылдан 1911 жылға дейінгі кезеңде, негізгі үш тілде (түркіше-орысша-немісше), 24 басылымда жарыққа шыққан аса үлкен көлемді лингвистикалық шығармалар қатарына жатады (Радлов, 1888-1911). Бұл жұмыс туралы зерттемелер XX ғасырдың бас кезінен, Л.Штернберг (Штернберг, 1909), А.Н. Самойлович, Е.И. Убрятова, С.Кондучалова (Кондучалова, 1964) еңбектерінде, «Советская тюркология» журналы беттерінде, ғалым шығармашылығын зерттеу үшін арнайы ұйымдастырылған Бүкілодақтық тюркологиялық конференцияларда, түркітаным саласында түзілген А.Н. Кононовтың, Ш.Ш. Сарыбаевтың библиографиялық еңбектерінде, әсіресе лексикография теориясына арналған Л.В. Щерба, А.А. Юлдашев, Ж.М. Гузев еңбектерінде кеңінен сөз болады. Академик В.В. Радлов сөздігіндегі түркі тілдерінің лексикасы туралы ғылыми зерттемелер соңғы жылдары барлық негізгі түркі тілдері бойынша көптеп жүргізіліп келеді. Солардың ішінде қырғызстандық тілші ғалымдар С.Мусаев пен С.Садыкованың мақалаларын (Мусаев, Садыкова, 2018; Садыкова, Мусаев, 2017), алматылық ғалымдар С.Құлманов пен Г.Бүркітбайдың (Құлманов, Бүркітбай, 2024) және Г.Мамырбек т.б. (Мамырбек, 2023; 2024), Қ.Таймуллинаның (Таймуллина, 2020), М.Малбақұлы мен М.Бердиллаеваның (Малбақұлы, Бердиллаева, 2024) жұмыстарын атауға болады. Бұл еңбектер ғалымның өз сөздігінде қамтыған түркі тілдері лексикасын лексикология мен лексикография ғылымдарының алуан түрлі қырларынан көрсетеді. В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздерінің семантикалық ерекшеліктері, әсіресе, қазақ ғалымы К.Ш. Хұсайынның «В.В. Радлов и казахский язык» атты зерттеуінде (Хусаинов, 1981) жақсы сөз болады.

Нәтижелер және талқылау

Аталмыш еңбектегі қазақ сөздерін семантикалық жақтан топтастырған кезде ол топтардың жалпы саны елуден асып кететіндігі белгілі болды. Біз осы мақалада сол орасан көп сөздердің ішінен ерекше, айрықша семантикалық белгілемелері, анықтамалары, түсініктемелері бар кейбіреуін ғана сөз етпекшіміз. Сөздікке алынған қазақ сөздерінің ішінде семантикалық тұрғыдан жақсы ашылған, мол қамтылған топ – «адам тіршілік иесі ретінде», «адам сезетін, ойлайтын, сөйлейтін тіршілік иесі ретінде» деп аталатын семантикалық топша. Сол топшаға кіретін «адамзат» сөзінің мағынасы былайша ашылған: «Адамзат [Kir., von *adam* + *zat*, pers. آدمزاد = آدمزاد] человек – der Mensch (im Gegensatz zu andern Geschöpfen); *Зенгі кызын адамзат*

албан ämäs никогда не женился человек на девице Зенгиев – *noch niemals hat ein Mensch ein Sengi-Mädchen geheirathet* (P. d. V. III, 556, 192) (Радлов, 1888: 487). Яғни аталмыш сөздік мақалада, біріншіден, сөздің екі жеке сөзден (*адам + зат*) құралған күрделі сөз екендігі жазылса, екіншіден, қазақ тіліне парсы тілінен енген кірме сөз екендігі айқын көрсетіліп отыр. Онымен бірге қазақ тіліндегі араб графикасында осы кірме сөздің екі бірдей тұлғасы қолданымда бар екендігі анық жазылып отыр. Үшіншіден, «адам баласы» ретіндегі мағынасы ашылғаннан кейін, сол кезеңдегі қазақы ортада айрықша маңызы бар сөйлем мысал ретінде беріліп отыр: «Зенгі қызын адамзат алған емес». Бұл нені көрсетеді? Бұл – сол кезеңде, яғни XIX ғасырда қазақтардың қара түсті нәсіл (зәңгі) қызын алмағандығын айғақтайды. Қазіргі заманда бұл тыйымның орындалмай отырғандығы, қазақ жігітінің негр қызға үйленіп, қазақ қызының қара нәсілге тұрмысқа шығып жатқандығы анық. Сөздік мақала соңында мысалдың ғалымның өзі шығарған он томдық «Образцы народной литературы тюркских племен» атты еңбектің қазақ тіліне арналған үшінші томынан алынғандығы, оның нақты беті мен реттік саны көрсетілген. Осы топшадағы «ата» сөзінің семантикалануы: «*ата* [1] отец: *kain ata* – тесть; *ökuł ata* – старший друг молодого человека (последний в этом отношении называется *ökuł kuju*); *ögöi ata* – вотчим; 2) дед, предок: *Байбакты нәшә атаның баласы?* – на сколько ветвей разделяется род Байбакты? *үш атадан жан берәді* – в третьем поколении дают друг другу присягу; *ämtä атаба меткән соң кыз алысады* – в седьмом поколении родства можно жениться; *атаңның аузүн сігәйн!* *атаңның көрүн сігәйн!* (Kir.) – ругань мужчин; *атаңның аузұна сігәйн* – ругань женщин]» (Радлов, 1888: 449-451). Бұл жерде байқалып отырғандай, әуелі сөздің бірінші мағынасы («әке») келтірілгеннен кейін, күйеуі өз әйелінің әкесін «қайын ата» дейтіндігі, жас жігіттің «өкіл атасы» болатындығы, өкіл атаға ол жігіттің «өкіл күйеуі» болатыны жазылған. Одан кейін тумаған әкенің «өгей ата» болып аталатындығы сөз болады. Енді сөздің «ата, ата-баба» мәніндегі екінші мағынасы ашылады да, адамдардың өзара туыстық дәрежесін ашатын мысал келтіріледі. Ол үшін «Байбакты неше атаның баласы?» деген сұрау тасталады. Бұл сұраудың мәні – Байбакты аталығының туыстығы қандай? Байбактылар неше атадан (ұрпақтан) бері өзара туыс болып саналады? – деген сөз. «Үш атадан жан береді» деген сөздің мағынасы – қазақтар өздерінің туыстығы бір атадан үш атаға дейінгі аралықта «бір қандас», «бір жандас» туыс саналады. Сол себепті дәл солай, яғни «қаны бір», «жаны бір» адамдай жауап береді деген сөз. Бұл сөздің мәні – «құн» төлеуге байланысты. Егер бір адам басқа бір атаның баласын абайсызда немесе қасақана өлтіріп алатын болса, оның, яғни айыпты адамның үш атаға дейінгі туыстары ердің құнына жауапты болады. Яғни, туысының тұрмысы нашар болған жағдайда өлген адам үшін берілетін құнды бірігіп төлейді. Ер адамның жаны (құны) – жүз жылқыға бағаланады. «Үш атадан жан береді» деген сөздің мән-мағынасы осындай. «Жеті атаға жеткен соң қыз алысады» деген сөздің мәні көпшілікке мәлім. «Қандас туыстық деңгейі жеті атадан асқан соң, қыз алысуға болады» дегенді білдіреді.

Ғалымның сөзге деген жауапкершілігінің жоғары екендігі осы сөзге байланысты ер адамның және әйел адамның боктық сөздеріне дейін келтіруінен байқалады. Германияда өскен жатжұрттық ғалымның өзге халықтарға деген құрметін, ол халықтың тіліндегі сөздің мән-мағынасын, сондай-ақ, сөздің арғы жағындағы ол елдің әдет-ғұрып, салт-санасына қатысты коннотацияларын толық, анық, ашық көрсетуінен байқауға болады.

Келесі кезекте «ай» атауына тоқталамыз. Бұл атаудың мән-мағынасын ашуда ғалым аса мұқияттылықты байқатады:

⁵ai [alle Dialecte, (Uig), اى (Dsch.), اى (Osm.), (Kar.), vergl. yi (jak.), ојых (Tschw.)]

1) луна – жаңы ай первые 15 дней луны, әскі ай последние 15 дней луны., *ai толдү* (Sag. Kir.) – полнолуние; *ai тұбан* – восхождение луны; 2) имеющий форму луны, лунообразный; *ai-балта* – аллебарда; 3) месяц: *тұатубун ай* (в будущий месяц)... Имена месяцев: ... g) у Киргизов 1) отамалы – май, 2) шілді, 3) шарша тамыз, 4) кара сағауз, 5) казан, 6) мизан (қырк үжөк), 7) цели токсан, 8) қаңтар, 9) акпан, 10) науруз, 11) көкө, 12) мамыр. Известные дни года у зап. Киргизов: 1) koi коздайды – начало апреля; 2) биә байлаиды – конец апреля; 3) куралай – холодное время во второй половине мая; 4) бес конак – от 2-4 апреля; 5) козу күзөм – от 15-20 июля; 6) собұм – в декабре (Радлов, 1888: 6-8).

Бұл сөздің түркі тілдерінің барлық диалектілерінде кездесетінін жазған ғалым, салыстыру үшін саха тіліндегі *ыи* және чуваш тіліндегі *ојых* тұлғаларын келтіреді. Сөздің бірінші мағынасы ретінде аспандағы айды атайды. Бұл жерде барлық түркі тілдеріндегі аспандағы айға байланысты басты ұғым атаулары ретіндегі негізгі тұрақты тіркестерді келтіреді. Екінші мағына ретінде «ай тәрізді», «айдай» мәні ашылып, мысалға *айбалта* сөзі келтіріледі. Үшінші мағына ретінде уақыт мерзімі ретіндегі ай көрсетіледі. Бұдан кейін әрбір түркі тілдеріндегі (В.В. Радлов түсінігі бойынша «диалектілердегі») жыл ішіндегі он екі айдың атаулары беріледі. Кезек қазақ тіліне келгенде, он екі ай атаулары санамаланады. Ғалым жыл санауды көк жетілген кезден, жаз айларынан бастайды. Ең алдымен көзге түсетіні – мамыр айы екі атаумен аталған (отамалы, мамыр). Біздің ойымызша, алғашқы атау – халық тіліндегі көктің нағыз толысқан кезеңін білдіретін бейнелі атау. Және бұл жерде ғалым оны маусым айының атауы ретінде қолданып отырғандығы көрінеді. Айлардың кезегі, реттілігінде ойланатын жайлар бар секілді. Біздің ойымызша, бұл жердегі реттілік мынадай болу керек: отамалы (маусым), шілде, сарша (тамыз), қыркүйек («қыркын» уақытын және «күйек байлау» уақытын білдіреді), қазан, қараша (күздің қара суық айы), желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз, көкек, мамыр.

Қазақ тіліндегі бір түс атауының (ақ) берілуіне тоқталып өтелік: ³ак – 1) белый; *цумуртканың ағы* – белок яйца. Слова сложные с ак: а) люди и их качества: *ак сұөк* – дворянство, султан; *ак сұөктұ* – благородный; *ак тамак* – белошейная женщина, лисий мех; *Ак-кан*, также *ак патса*, *ак патша* – русский царь; б) части тела и болезни: *ак тамыр* – сухая жила; *ак шеләк* – болезнь верблюдов; *ак бас* – болезнь лошадей; с) млекопитающие животные; д) птицы; е) рыбы; ф) растения; г) минералы; h) пища, продукты, изделия и утварь: *ак бас шаі* – фамильный чай; *ак ерімшік* – творог; *ак нан* – белый хлеб; *ак сун* – крученный каленкор; *ак каса*, *ак кырт* – миткаль; *ак кіс* – белый войлок; и) географические имена, племенные названия: *Ак-мешіт* – форт Перовский; *Ак-тау* – гора Актау; 2) белый, чистый, несмешанный; 3) добродушный, чистосердечный, невинный: *ак көңүлдің аты арымас*, *тоны тозбас*, *кәң болса кәм болмас* – лошадь чистосердечного не худеет, шуба его не изнашивается, достаток его не уменьшается; *ак көкрөктұ* – честный (Радлов, 1888: 88-92). Бұл жердегі мысалдардан ғалымның кез келген атауға байланысты сөздік мақалаларды жүйе мен құрылымдық мәселелерді ескере отырып, қаншалықты тапқырлықпен, шыдамдылықпен жазып шығатынына көз жеткізуге болады. Түбі бір түркі тілдеріндегі мысалдарды қарастырып, өзара салыстырып отырып, әрбір жеке түркі тіліне қажетті атауларды табуға болады.

Ендігі кезекте ХІХ ғасырдағы қазақ тілінде ұшырасатын түрлі тап немесе топ өкілдерін, алуан түрлі қызмет атауларын, іс-шаруа түрлерін атаушы сөздерге назар аударалық. Жоғарыда адамдар мен олардың қасиеттерін атаушы сөздерге қатысты «*ак сұөк* – дворянство, султан; *ак сұөктұ* – благородный; *Ак-кан* = *ак патса* = *ак патша* – русский царь» аудармаларын бақыладық. Бұл жердегі *ақсүйек*, *ақ қан* атаулары – қазақтың бұрынғы дәстүрлі қоғамына тән атаулар болғандықтан, олардың тіліміздегі төл атаулардың қатарына кіретіндігі даусыз. Сондай-ақ Ресей империясының бодандығына кірумен байланысты жаңадан пайда болған, бірақ тілдің бұрынғы сөзжасам жүйесімен етене қабысып жатқан «*орус төрә* (русский чиновник), *орус казак төрөсұ* (казачий офицер), *аға төрө* (старший уездный султан), *төрөлүк* (зат) (төрә+лік) дворянство, достоинство султана: *төрөлүккә ыеткән (мінгән)* – человек, достигший выдающегося положения» тәрізді атаулардың сол кезеңдегі тілімізден орын алғандығын көреміз. Ал енді *ақ патша* атауының семантикасы айқын. Ол орыс тіліндегі «белый царь» ұғымының қазақ тіліне калька жолымен аударылған нұсқасы екендігі дау тудырмайды. «*Төлеңгіт* (зат) крепостные для служения султану; *марлы* (сын) бедный; *макыбай* (сын) бедняк; *әкім* = араб. *حاکم* начальник; *ұәзір* = араб. *وزیر* визирь: *тір кан болдұ*, *каның бір ұәзірі болдұ* – жил царь и у него был визирь; *нөгөр* (зат) служитель: *нөгөрұ аскалы кетті* – его пошли варить пишу; *елші* посланник, вестник: *ханнан елші келді* – от хана пришел посланник, *әскер* 2) воин: *әскер басы* – командующий войсками; *казы* (зат) (2) 1) судья: *кедейдің казысын жеген ұры казы болмайды* – не быть тому судьей, кто воровал у бедняка его колбасу; 2) заседатели уездного правления (дувана); *назыр* (зат) араб. 1) смотрящий, взглянувший; 2) смотритель; *тілмаш* (зат) – тілмач; переводчик; *тыңшы* (зат) 1) подслушивающий, шпион; *жансыз* (сын) (жан+сыз) 2) шпион;

жаушы (зат) посредник; *саудагер* (зат) – торговец; *ыатак* (зат) (жат+ак) 1) оседлый; *егінші* – пахарь, рабочий на пашнях: *бу аул емес егіншінің үйіору* – это не ауыл, а просто юрты пахарей; *егіншіләр үәі уактында аулман көшпас* пахари не кочуют летом с аулом; *егіншінің атындаі кішанің бар* у тебя пути на ногах, как у лошади пахаря» т.б. тәрізді атаулардың семантикасы айқын, бұрынғы дәстүрлі сөзжасам жүйесіне құрылғандығы анық.

Сөздікте орыс тілінен енгендігі айқын көрсетіліп тұрған *указнай* (указный мулла), *көпес* (купец) атаулары аталып отырған мамандықтың сол кезеңде орын алғандығынан хабар береді. «*Дартыбас* (сын) (жарты+бас) каторжник, разбойник» атауынан бейнелі қолданымды көреміз. *Дарбышы* (человек, умеющий уничтожать колдовство), *жазушы* (пишущий), *жайдары* (бухарский киргиз – торговец), *жайшы* (умеющий заговорить погоду), *жауырыншы* (жаурыншы: предсказатель по лопатке), *жырышы* (певец), *жылқышы* (пастух лошадей), *жүкші* (извозчик, сопровождающий воз), *жұлдышы* (предсказатель по звездам), *жәрдемші* (помощник), *пішімпаз* (занимающийся легчением, холощением скота), *арбашы* (извозчик), *атқыш* (стрелок), *аспазы* (повар), *етікші* (сапожник), *емші* (врач), *өнербет* (художник, ремесленник), *өлеңші* (певец), *ышы* (умеющий коптить кожу), *ісетші* (человек, предсказывающий погоду), *іші* (дубильщик), *ұлаушы* (подводчик, ямщик или сопровождающий подводы), *ұста* (ремесленник, кузнец), *қарауылышы* (караул), *қатшы* (писарь), *қазанышы* (повар), *қосшы* (прислуга во время путешествия), *қобызышы* (скрипач), *қырқушы* (стригущий), *құланышы* (певец, музыкант), *құмалақышы* (прорицатель, знахарь), *көмірші* (истопник), *кіндік шеше* (повивальная бабка), *кіреші* (едущий с караваном, с обозом), *нанышы* (торговец хлеба, хлебопек), *лау* зат. (подвода), *лаушы* (подвозчик), *тасушы* (перевозчик: *сұ тасушы* – водовоз), *темірші* (кузнец), *тігуші* (портной, швея: *ки(і)м тігуші* – портной; *тігуші катын* – швея), *тіркеуші* (записывающий в книгу), *дәргір* (врач) сөздері де сол кезеңдегі тіршілікте орны бар кәсіп иелерін немесе іс-шаруа түрлерін айғақтайды. Ерекше назар аударатын атаудың бірі – *тәнтәиші* (следователь). Тәптештеу ісінің қимыл атауы ретінде қалыптасқан. Қазіргі кезеңде де қолдануға болатын атау тәрізді. Тағы бір ерекше қызмет атаулары – қазіргі қазақ тілінде кеңінен қолданылатын жұмысшы және қызметкер атаулары. ХІХ ғасыр сөздігінде «жұмысшы» – шенеунік, служащий (қызметкер) мәнінде қолданылып отыр. Ал енді «қызметкер» сөзі тұрақты түрде қожайынының қызметінде жүретін адамды атайды. Жалдамалы жұмысшыны не қызметкерді «жалшы» деп атау орынды. Сондықтан ескі сөздіктегі осы атауды қазір де қолданымға енгізуге болатын тәрізді. Келтірілген мамандық атаулары сол кезеңдегі, яғни ХІХ ғасырдағы қазақ елінде орын алған кәсіп түрлерін көрсетеді.

В.В. Радлов сөздігінде семантикасы жақсы ашылған сөздердің бірі – «жиырма» сөзі: «*ірма* (сан) 1) двадцать; 2) «двадцатка» т.е. известная средней стоимости (около 150 рублей) киргизы рассчитывают калым по ірма; *нешә ірма берәсіз?* – сколько джирма вы даете? *төрт ат, төрт қулундү біјә, төрт маі, төрт қунажын бір ірма* – четыре лошади, четыре кобылы с жеребьятами, четыре лошади по второму, четыре лошади по третьему году (два жеребчика и две кобылки) считаются одной джирма; *бір ірма ат бір ірма сыјыр мінән тең болады* – одна джирма лошадей равняется одной джирме рогатого скота; *бір ірма ат үч ірма көімінән тең болады* – одна джирма лошадей равняется трем джирма овец; *екі ат, екі тұя, екі атан бір ірма* – две лошади, два верблюда и две верблюдицы составляют одну джирма» (Радлов, 1911). Қазіргі замандағы этнографиялық әдебиет бойынша, «ЖИЫРМА – қалыңмалдың орта мөлшерін білдіретін ұғым. Құда түсіп, қалыңмал мәселесін келіскен кезде жиырмаға қараған, яғни жиырма атқа тоқталған. Мұндағы жиырма қара қалыңмалдың өзегі болған. Жиырма аттың құны кейде жүз қоймен есептелінген» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2012). Этнографиялық әдебиет бойынша: «ҚАЛЫҢМАЛ – күйеу әкесінің қалыңдық үшін қыз әкесіне беретін малы. Қалыңмал, яғни қалыңдық үшін берілетін мал, байырғы қазақ тұрмыс-салтында бірнеше кезеңнен тұратын құдаласу үрдісінің алғашқы және аса маңызды актісі болып саналады. Қалыңмалды ықшамдап қалың деп те атаған... Қалыңмалдың әлеуметтік жағдайға байланысты түрлері. Құдаласушы жақ өздерінің дәулетіне, әл-ауқатына қарай Қ.-дың құдаласу салтында ел ішінде орныққан үш мөлшерінің біріне тоқталып уағдаласады. Біріншісі – 47 байтал, екіншісі – 37 байтал, үшіншісі – 27 байтал. Осы үш

мөлшердің біріне тоқталған соң, қалыңмалдың құрамына келіседі. Бұл жерде «байтал» – шартты мөлшер. Байталдың орнына түйе немесе құлынды бие болса, бір түйе – 4-5 байтал, ал құлынды бие – екі-үш байталдың құнына, жүз қой берсе, он қой бір атқа есептелуі мүмкін. Бірақ, түптеп келгенде, қалыңмал байталдың құнымен есептелген. Өйткені қалыңның өзегі қара мал (жылқы) болған. Н.Гродековтің материалында қара малдың мөлшері бір жиырмадан бес жиырмаға дейін жеткен деген дерек бар. Қалыңға қырық қара, жүз қой берсе, өзегі екі жиырма – қырық қара болып есептелген. Қалыңмалдың негізін қарамал құрайды. Сондықтан құдаласу салтында бұл ұғымның ерекше мәні болған. Қалыңмалдың өзегі, яғни негізі 20 қара болса, күйеу жігіттің әкесі 16 жылқы береді. Оның ішінде кем дегенде 4-еуі жақсы ұрғашы мал болады да, сол төртеудің болашақ төлімен жиырма деп есептеледі» (Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2012).

Алдын ала нақтылап алатын жағдай, этнографиялық әдебиетте аталып отырған «қара мал» сөзі «ірі қара», «ірі қара мал» дегенді білдіреді, яғни бұл жерде жас мал емес, ең алдымен үлкен жылқы, болмаса түйе, сиыр туралы сөз болып отыр. Енді В.В. Радлов сөздігіндегі жоғарыда келтірілген деректерді осы этнографиялық әдебиетте көрсетілген деректермен салыстыра зерделеп көрелік. Жоғарыда «қалыңмалдың негізі 20 қара болса, күйеу жігіттің әкесі 16 жылқы береді. Оның ішінде кем дегенде 4-еуі жақсы ұрғашы мал болады да, сол төртеудің болашақ төлімен жиырма деп есептеледі» делінген. Қалыңға қанша мал бересіз? – деген сұрауға «төрт ат, төрт құлынды бие, төрт дөнежін, төрт құнажын – бір жиырма» деген жауап алдық. Яғни, $4 + (4 + 4) + 4 + 4 = 20$. Демек, ғалым деректі дұрыс келтіріп отыр. Негізінен, дұрыс. Алайда қазіргі этнографиялық әдебиетте «жиырма аттың құны кейде жүз қоймен есептелінген» деген дерек айтылса, В.В. Радлов «бір жиырма ат бір жиырма сиырменен тең болады», «бір жиырма ат үш жиырма қойменен тең болады» деген тұжырым айтады. Яғни, 100 қой емес, 60 қой. Ғалым қалыңмалдың санын азайтып отыр. Бірақ біз оның айтқанын қате деуден аулақпыз. Себебі әр жерде әртүрлі шама болуы әбден мүмкін. В.В. Радлов бұдан әрі азайтып, «*екі ат, екі түйе, екі атан бір ұрма*» дейді. Демек, екі ат, екі ұрғашы түйе, екі еркек түйе бір жиырмаға тең болады екен. Жоғарыда, этнографиялық әдебиетте, бір түйенің 4-5 байталға тең болатыны айтылды. Яғни, түйе аса құнды мал екен. Осы есеп бойынша да ғалымның қалыңмал мөлшерін шамамен дәл көрсеткеніне көз жеткізуге болады!

Қорытынды

Жоғарыда келтірілген сөздердің семантикасын талдай келе, В.В. Радлов сөздігі жөнінде мынадай тұжырым жасаймыз:

- 1) В.В. Радлов бір сөздің әр түркі тілдеріндегі фонетикалық варианттарын жүйелі түрде көрсетіп отырған;
- 2) реестрге алынған әр сөздің қай түркі тілінің лексикасы екенін қысқартылған шартты белгілермен көрсете отырып, сөйлемдер арқылы нақты семантикалық талдау жасаған;
- 3) сөздікте негізінен фонетикалық принцип басшылыққа алынып отырғанымен, берілген қазақ лексикасының сөздік мақалаларындағы сөз семантикасын ашуда ерекше лексика-семантикалық топтастыру тәсілінің орын алып отырғандығы белгілі болды;
- 4) сөздікте берілген кейбір қазақ сөздерінің қазіргі әдеби тілдегі қолданыстан аздаған семантикалық айырмашылықтары бар;
- 5) В.В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикасы мен қолданысы тілдің динамикалық даму барысында қазіргі қазақ тілінде сәл өзгеріске ұшыраған;
- 6) кейбір тарихи сөздердің, ономастикалық атаулардың В.В. Радлов көрсеткен мән-мағынасы қазіргі қазақ тілінде кездеспейді;
- 7) реестрге алынған сөздің семантикасын тереңінен ашу үшін сол кезеңдегі тілдегі фразеологизмдерді де қолданған.

Қорыта келгенде, классикалық түркология саласында осындай теңдессіз еңбек қалдырған бірегей лексикограф В.В. Радловтың бұл сөздігі қазақ тілінің тарихын зерттеуде құнды еңбек болып табылады.

Әдебиеттер

- Кондучалова С. Материалы по киргизскому языку, собранные В.В. Радловым: автореф. ... канд. филол. наук. – Алма-Ата, Фрунзе, 1964. – 24 с.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 2-том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 700 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 3-том. – Алматы: РПК «Слон» DPS, 2012. – 736 б.
- Құлманов С., Бүркітбай Г. В.В. Радлов сөздігінің лексикалық құрамы: араб, парсы кірме сөздері және олардың қазіргі кездегі терминдену үдерісі // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӨТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. 1(72) – Алматы, 2024. – 174-191 бб.
- Малбақұлы М., Бердиллаева М. В.В. Радлов сөздігіндегі қазақ сөздерінің лексикалық құрамы туралы // Tiltanyum. – 2024, №1 (93). – 13-26-бб. <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-13-26>
- Мамырбек Г. В.В. Радлов сөздігіндегі лексикографиялық параметрлер // «Қазақстандағы ұлттық жарнама тілін қалыптастыру және цифрландыру» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы, 2023. – 197-201-бб.
- Мамырбек Г., Малбақов М., Сейітбекова А. В.В. Радлов сөздігіндегі байырғы сөздердің семантикалық ерекшеліктері // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024, №2. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.05>
- Мусаев С.Ж., Садыкова С.З. Лексика кыргызского языка в словаре В.В. Радлова «Опыт словаря тюркских наречий» // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2018, №1 (74), Ч. 2. – С. 345-348.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том I. – СПб.: Тип. Имп. акад. наук, 1888.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том IV. Кн.1 – СПб.: Тип. Имп. акад. наук, 1911.
- Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. Том I-IV. – СПб.: Тип. Имп. акад. наук, 1888-1911.
- Садыкова С.З., Мусаев С.Ж. Труд В.В. Радлова «Фонетика северных тюркских языков» и некоторые актуальные проблемы кыргызского языкознания // Филологические науки. Вопросы теории и практики. – 2017, №10 (76), Ч.2. – С. 151-155.
- Таймуллина Қ.Қ. Қазақ лексикографиясы: екі тілді аударма сөздіктердің микроқұрылымы // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2020, №1. – 257-262-бб. <http://egi.kz/wp-content/uploads/2020/04/Vestnik-EAGI-1-2020.pdf>.
- Хусаинов К. В.В. Радлов и казахский язык. – Алматы: Наука, 1981. – 172 с.
- Штернберг Л. Из жизни и деятельности Василия Васильевича Радлова // Живая старина. Вып.2-3. – Спб., 1909.

References

- Husainov, K. (1981) V.V. Radlov i kazahskij jazyk. Almaty: Nauka, 172 s. [Khusainov, K. (1981) V.V. Radlov and the Kazakh language. Almaty: Science, 172 p.] (in Russian)
- Konduchalova, S. (1964) Materialy po kirgizskomu jazyku, sobrannyye V.V. Radlovym: avtoref. ... kand. filol. nauk. Alma-Ata, Frunze, 24 s. [Konduchalova, S. (1964) Materials on the Kyrgyz language collected by V.V.Radlov: abstract ... Candidate of Philology Sciences. Alma-Ata, Frunze, 24 p.] (in Russian)
- Malbaquuly, M., Berdillaeva, M. (2024) V.V. Radlov sozdigindegi qazaq sozderining leksikalıyq quramy turaly. Tiltanyum, 2024, №1 (93), 13-26-bb. [Malbakuly M., Berdillaeva M. About the lexical composition of Kazakh words in the dictionary of V.V. Radlov. Tiltanyum, 2024, №1 (93), pp. 13-26] <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-13-26> (in Kazakh)
- Mamyrbek, G. (2023) V.V. Radlov sozdigindegi leksikografıjalyq parametrler. «Qazaqstandagy ulttyq zharnama tilin qalyptastyru zhane cifrlandyru» atty halyqaralyq gylimi-teorijalyq konferencija materialdary. Almaty, 197-201-bb. [Mamyrbek, G. (2023) Lexicographic parameters in the dictionary of V.V. Radlov. Materials of the international scientific and theoretical conference “Formation and Digitalization of the National Advertising Language in Kazakhstan”. Almaty, pp. 197-201.] (in Kazakh)
- Mamyrbek, G., Malbaqov, M., Seitbekova, A. (2024) V.V. Radlov sozdigindegi bajyrgy sozderding semantikalyq erekshelikleri. Eurazija gumanitarlyq institutynыng Habarshysy. «Filologija gylımdary» serijasy, №2. [Mamyrbek, G., Malbakov, M., Seitbekova, A. (2024) Semantic features of indigenous words in the V. Radlov dictionary. Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute. Series “Philological Sciences”, №2.] <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-2.05> (in Kazakh)
- Musaev, S.Zh., Sadykova, S.Z. (2018) Leksika kыргызского языка v slovare V.V. Radlova «Opyt slovarja tjurkskih narechij». Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki, №1 (74), Ch. 2, S. 345-348. [Musaev, S.Zh., Sadykova, S.Z. (2018) The vocabulary of the Kyrgyz language in the dictionary of V. Radlov “The experience of the dictionary of Turkic dialects”. Philological sciences. Questions of theory and practice, No.1 (74), Part 2, pp. 345-348.] (in Russian)
- Qazaqtyng etnografıjalyq kategorıjalar, ugymdar men ataularynyng dasturli zhujesi (2012). Enciklopedija. 2-tom. Almaty: RPK «Slon» DPS, 700 b. [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names (2012). Encyclopedia. Volume 3. Almaty: PPK “Elephant” DPS, 700 p.] (in Kazakh)
- Qazaqtyng etnografıjalyq kategorıjalar, ugymdar men ataularynyng dasturli zhujesi (2012). Enciklopedija. 3-tom.

Almaty: RPK «Slon» DPS, 736 b. [The traditional system of Kazakh ethnographic categories, concepts and names (2012). Encyclopedia. Volume 3. Almaty: PKK “Elephant” DPS, 736 p.] (in Kazakh)

Qulmanov, S., Burkitbaj, G. (2024) V.V. Radlov sozdigining leksikalyq quramy: arab, parsy kirme sozderi zhane olardyng qazirgi kezdegi terminde uderisi. Abylaj han atyndagy QazHQ zhane ATU Habarshysy. «Filologija gylymdary» serijasy, 1(72). Almaty, 174-191-bb. [Kulmanov, S., Burkitbai, G. (2024) Lexical composition of the dictionary of V.V. Radlov: Arabic, Persian input words and the process of their modern terminalization. Bulletin of the Abylai Khan Kazakh National University. Series “Philological Sciences”, 1(72). Almaty, pp. 174-191.] (in Kazakh)

Radlov, V.V. (1888) Opyt slovarja tjurkskih narechij. Tom I. SPb.: Tip. Imp. akad. nauk. [Radlov, V.V. (1888) The experience of the dictionary of Turkic dialects. Volume I. St. Petersburg: Printing House of the Imperial Academy of Sciences.] (in Russian)

Radlov, V.V. (1911) Opyt slovarja tjurkskih narechij. Tom IV. Kn.1. SPb.: Tip. Imp. akad. nauk. [Radlov, V.V. (1911) The experience of the dictionary of Turkic dialects. Volume IV. Book 1. St. Petersburg: Printing House of the Imperial Academy of Sciences.] (in Russian)

Radlov, V.V. (1888-1911) Opyt slovarja tjurkskih narechij. Tom I-IV. SPb.: Tip. Imp. akad. nauk. [Radlov, V.V. (1888-1911) The experience of the dictionary of Turkic dialects. Volume I-IV. St. Petersburg: Printing House of the Imperial Academy of Sciences.] (in Russian)

Sadykova, S.Z., Musaev, S.Zh. (2017) Trud V.V. Radlova «Fonetika severnyh tjurkskih jazykov» i nekotorye aktual'nye problemy kyrgyzskogo jazykoznanija. Filologicheskie nauki. Voprosy teorii i praktiki, №10 (76), Ch. 2, S. 151-155. [Sadykova, S.Z., Musaev, S.Zh. (2017) V.V. Radlov's work “Phonetics of the Northern Turkic languages” and some actual problems of Kyrgyz linguistics. Philological sciences. Questions of theory and practice, No.10 (76), Part 2, pp. 151-155.] (in Russian)

Shternberg, L. (1909) Iz zhizni i dejatel'nosti Vasilija Vasil'evicha Radlova. Zhivaja starina, Vyp. 2-3, Spb. [Shternberg, L. (1909) From the life and work of Vasily Vasilyevich Radlov. The living antiquity. Issue 2-3, St. Petersburg.] (in Russian)

Taimullina, Q.Q. (2020) Qazaq leksikografijasy: eki tildi audarma sozdikterding mikroqurylymy. Eurazija gumanitarlyq institutyng Habarshysy, No1, 257-262-bb. [Taimullina, K. (2020) Kazakh lexicography: microstructure of bilingual translation dictionaries. Bulletin of the Eurasian Humanitarian Institute, №1, pp. 257-262.] <http://egi.kz/wp-content/uploads/2020/04/Vestnik-EAGI-1-2020.pdf>. (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 09.07.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 03.09.2024.

© Малбақов М., Бердиллаева М., Малбақов Д., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024

Ғарифолла Қабдолқайырұлы Әнес^{1*}, Орхан Сөйлемез², Анар Сайынқызы Бүркітбаева³^{1*}автор-корреспондент, филология ғылымдарының докторы, профессор,

Саяси қуғын-сүргін құрбандары музейі, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0002-6844-8675 E-mail: anes_gk@mail.ru

²философия докторы (PhD), профессор, Кастамону университеті, Түркия, Кастамону қ.,

ORCID: 0000-0001-8382-3173 E-mail: soylemezo@yahoo.com

³филология ғылымдарының кандидаты, Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және

инжиниринг университеті, Қазақстан, Ақтау қ.,

ORCID: 0009-0006-9969-1594 E-mail: anar.burkitbayeva@yu.edu.kz

«ЕЛЕҢ-АЛАҢ» РОМАНЫНДАҒЫ ЭТНОГРАФИЗМДЕР

Аңдатпа. Қазіргі дамыған жаһандану заманында ұлт болып қалыптасудың, халық болып тұтастанудың, ел болып бірігудің, елдік салт-сананы сақтаудың басты қозғаушы күші – халықтан-халыққа үзілмей жалғасын тауып келе жатқан этностық діліміз, тіліміз, дініміз және өзекті ой оралым-танымымыз. Зерттеудің басты идеясы – ұлтымыздың тарихын, салт-санасын, ой-өрісін танытатын тарихи «Елең-алаң» романындағы этнографиялық деректерді жазушының тіліндегі жергілікті колорит – фразеологизмдер, мақал-мәтелдер арқылы дәйектеу. Мақалада Ә.Кекілбаев тіліндегі этнографизмдерге этнолингвистикалық зерттеу жүргізу арқылы жазушының тіл шеберлігін айқындайтын дара сөз тіркестері мен оралымдарының мазмұнын анықтау мақсаты тұрды. Зерттеу өзектілігі жазушы тіліндегі этномәдени бірліктің этнолексикалық сөздер қорын түзетіндігін тілдік этнографизмдер аясында негіздеуден көрінеді. Мақала тақырыбының жаңашылдығы мен құндылығы тұрмыстық салтқа қатысты фразалық оралымдар мен теңеулердің, ұлттық мінезді танытатын салт-дәстүрлердің жазушы тіліндегі зерделенуі тұтас контексте алынып, бағамдалуымен ерекшеленеді. Зерттеу барысында тілдік материалды жүйелеу, сипаттау әдістері қолданылды. Зерттеудің болашақ перспективалары ретінде жазушы тіліндегі этнографизмдерді жинақтап, жүйелік сөздігін жасақтау қажеттігі дәйектелді.

Тірек сөздер: этнографизмдер; ұлттық колорит; этномәдени бірлік; Ә. Кекілбаев; жазушы тілі**Қаржыландыру көзі:** Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитетінің 2023-2025 жылдарға арналған АР19678872 «Әбіш Кекілбаев шығармашылығы қоғамдық сананың жаңғыруы контексінде» гранттық жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Әнес Ғ.Қ., Сөйлемез О., Бүркітбаева А.С. «Елең-алаң» романындағы этнографизмдер. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). 31-39-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-31-39>**Ғарифолла Қабдолқайырұлы Әнес^{1*}, Орхан Сөйлемез², Анар Сайновна Бүркітбаева³**^{1*}автор-корреспондент, доктор филологических наук, профессор,

Музей жертв политических репрессий, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0002-6844-8675 E-mail: anes_gk@mail.ru

²доктор философии (PhD), профессор, Кастамону университет, Турция, г. Кастамону,

ORCID: 0000-0001-8382-3173 E-mail: soylemezo@yahoo.com

³кандидат филологических наук, Каспийский университет технологии и

инжиниринга имени Ш. Есенова, Казахстан, г. Ақтау,

ORCID: 0009-0006-9969-1594 E-mail: anar.burkitbayeva@yu.edu.kz

ЭТНОГРАФИЗМЫ В РОМАНЕ «ВСПОЛОХИ»

Аннотация. В век современных глобальных процессов главной движущей силой становления нации, целостности народа, объединения страны, сохранения национального самосознания является наша этническая ментальность, язык, религия и актуальная мысль-познание. Основная идея исследования заключается в выявлении этнографических данных из исторического романа «Всполохи», отражающего историю, обычаи, мышление этноса. Согласно цели статьи путем проведения этнолингвистического исследования этнографизмов в языке А.Кекильбаева было изучено содержание отдельных фраз и оборотов, определяющих языковое мастерство писателя. Актуальность исследования проявляется в обосновании тезиса о том, что этнокультурные единицы в языке писателя формируют этнолексический запас слов. Новизна и ценность статьи заключаются в комплексном подходе изучения фразеологизмов и сравнений касательно бытовых обрядов, обычаи и традиций народа, отраженных в языке писателя. В ходе исследования были использованы методы систематизации, описания языкового материала. В

качестве будущих перспектив исследования обоснована необходимость обобщения этнографизмов в языке писателя и разработки системного словаря.

Ключевые слова: этнографизмы; национальный колорит; этнокультурная единица; А. Кекильбаев; язык писателя

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках грантового проекта AP19678872 «Творчество Абиша Кекильбаева в контексте модернизация общественного сознания».

Для цитирования: Анес Г.К., Соилемез О., Буркитбаева А.С. Этнографизмы в романе «Всполохи». *TiltanyM*, 2024. №3 (95). С. 31-39. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-31-39>

Garyfolla Anes^{1*}, Orhan Soilemez², Anar Burkitbayeva³

^{1*}Corresponding author, Doctor of Philological Sciences, Professor, Museum of Victims of Political Repressions, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-6844-8675 E-mail: anes_gk@mail.ru

²Doctor of Philosophy (PhD), Professor, Kastamonu University, Turkey, Kastamonu, ORCID: 0000-0001-8382-3173 E-mail: soylemezo@yahoo.com

³Candidate of Philological Sciences, Sh.Yesenov Caspian University of Technology and Engineering, Kazakhstan, Aktau, ORCID: 0009-0006-9969-1594 E-mail: anar.burkitbayeva@yu.edu.kz

ETHNOGRAPHISMS IN THE NOVEL “ELEN-ALAN”

Abstract. In the modern era of developed globalization, the main driving force for the formation of a nation, integration as a people, unification as a country, preservation of national traditions is our ethnic mentality, language, religion and actual thinking. The main idea of the study is to cite ethnographic data from the historical novel “Elen-Alan”, which reflects the history, traditions and thoughts of our nation, using local color phraseology, proverbs and sayings in the language of the writer. The article aims to identify the content of individual phrases and phrases that determine the language skills of the writer by conducting an ethnolinguistic study of Ethnography in the language of A. Kekilbayev. The relevance of the study is manifested in the justification within the framework of linguistic ethnographisms that the ethnocultural unity of the writer's language forms a fund of ethnolexic words. The novelty and value of the topic of the article is emphasized by the fact that the study of phrasal phrases and parables related to domestic customs, traditions and customs that reflect the national character in the language of the writer is taken and evaluated in a holistic context. In the course of the study, methods of systematization and description of language material were used. The need to collect ethnographisms in the writer's language and create a systematic dictionary as future perspectives of the research was determined.

Keywords: ethnographisms; national character; ethnocultural unit; A. Kekilbayev; language of the writer

Source of financing: The article was prepared within the framework of the grant project AP19678872 “Creativity of Abish Kekilbayev in the context of modernization of public consciousness”.

For citation: Anes G., Soilemez O., Burkitbayeva A. Ethnographisms in the Novel “Elen-Alan”. *TiltanyM*, 2024. №3 (95). P. 31-39. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-31-39>

Кіріспе

Халқының өткені мен бүгінін салыстыра отырып, тарихи шындықты көркемдік шындықпен астастыра бейнелеген жазушының «Елең-алан» романында ұлт намысын сақтауға тырысқан елдік проблемасы басты назарда болады. Ә.Кекілбаевтың шоқтығы биік романында жоңғар мен басқа да көрші шапқыншылардан әбден титыққан елдің орыс отарлаушыларынан пана іздегені, Әбілхайыр ханның орыс патшалығына кірудегі өзіндік саясаты, елдің тыныш тірлігі үшін жасалған қам-қарекеті шеберлікпен шынайы суреттеледі. Мақаланың негізгі мақсаты – Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алан» романындағы этнографизмдерді тілдік тәсілдер арқылы идеялық-көркемдік ізденістер тұрғысынан ашу. «Елең-алан» – тарихи деректілігі мол, Қазақстанның Ресейге қосылуындағы заман тынысын тап басқан тарихи шындық пен көркемдік шешімді орайластыра берген құндылығымен қоса, тұрмыстық этнографизмдерді байыта қолданған жазушы даралығын айқындай түсетін шығарма.

Материал және әдістер

Зерттеу барысында Ә.Қайдар, Ж.Манкеева т.б. ғалымдардың еңбектеріндегі этнографизм, этномәдени бірлік туралы айтқан пікірлері теориялық-методологиялық негіз ретінде қолданылды. Шығарма тіліне талдау жасауда деректерді жинау, жүйелеу, лингвистикалық

талдау әдістері қолданылды. Жазушының «Елең-алаң» романы және жазушы шығармашылығы туралы жазылған еңбектер дереккөз ретінде алынды.

Маңғыстаудың Абыл, Нұрым, Қашаған, Қалнияз, Сүгір, Сәттіғұл сынды жыр жүйріктерінің зергер сөздерін тындап, дуалы дала қарттарының аузынан шешендік сөздер мен тарихи шежірелерді зердесіне құйып өскен Әбіш Кекілбаевтың қолданысында осы өңірде ғана қолданылатын тіл ерекшеліктері мен көне тұлғалар жиі кездеседі. Жазушының тарихи тақырыпқа жазылған туындыларында байырғы сөздер, жергілікті тіл ерекшеліктері, ауызекі сөз саптау үлгілері, танымдық-этнографиялық сөздер жиі ұшырайды (Нұрдәулетова, 2019). Ең алдымен, тарихи роман жөнінде қисынды пікір айтқан ғалым Р. Бердібайдың тарихи шындықты ашуға тырысқанымен жазушы шеберлігі көркем шығарма тіліне келгенде әлеуметтік маңызы дараланып, тарихи шындықты шынайы суреткерлік ізденістері мен бейнелегіш құралдарды шеберлікпен қолдануы тұрғысынан көркемдік шешім табатындығын баса айтқан ойын келтіргеніміз орынды болар. «Жазушы тарихи шындықты тірек ете сөйлегенімен, көркемдік қиялдың шарықтауына жол берген. Осы себептен де шығарманың серіппе күші құжат емес, әлеуметтік талдау болып шыққан. Оқиғаларды характер ашудың себепшісі еткен тұстарды көркем жинақтау шарттары жүзеге асып отырады. Тарихи романның негізгі көздейтіні, қаһармандардың мінез даралығы, қайталанбас келбетін бейнелеу дейтін көне қағида романда көп ретте жетекші тәсілге айналған (Бердібай, 1997). Тарихи шындықты көркемдікпен шынайы үйлестіре білу шеберлігіне келгенде жазушы қазақ халқының дара менталитетін айшықтай келе, туған этносына деген шынайы махаббатына сөзден жұмбақ қасиет дарытты. Ол жұмбақтық шығарма контексінде қазақтың әдет-ғұрып тұрмысындағы ландшафтық кескінді сипаттауынан, кейіпкерлердің психологиялық үндестігін ашудан, роман тілін көркемдегіш құралдары арқылы арттырып тұрған этномәдени теңеулер мен эпитеттер, метафора, кейіптеулер табиғи, психофизиологиялық құбылыстарды мейлінше шынайы көрсетудің дара жолы ретінде жасырынған. Осы ретте этномәдени бірлік, этнографизмдер туралы ғылыми зерттеу материалдарына назар саламыз.

Этнографизмдер туралы ғылыми деректерді қорыту барысында отандық ғалымдардың зерттеу еңбектеріне сүйендік. Тарихи категория саналатын этнолингвистиканың негізгі мақсаты – халықтың бүгінгі тірлігін емес, өткен өміріндегі тәжірибесінен туған ұлттық болмысты, халықтық тіршіліктен туындаған ұлттық құндылықтарды дәріптеу. Сол себепті Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романында кездесетін көне этнографизмдерді жинақтап, саралаудың маңыздылығы зор.

Қазақ этнолингвистикасы туралы ғалымдар Р.Шойбеков, Б.Омаров, А.Жылқыбаева т.б еңбектерінде жан-жақты қарастырылып келеді. «Елең-алаңдағы» қазақ халқының мәдениетаралық тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын көмескіленіп бара жатқан сөздік қорды, этнографизмдерді саралап талдауда этнолингвист-ғалым Ә.Қайдардың этнографизмдер табиғатына қатысты пікірін келтіргенді жөн санадық.

«Этнолингвистика – белгілі бір этностың немесе (бүгінгі халықтың, ұлттың, ұлыстың) ғасырлар бойы қалыптасқан дүниетанымын, әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін, наным-сенімін, тіршілік-тұрмыс ерекшелігін, рухани және материалдық өмірін сол этностың тіл байлығы арқылы танып білуді, тілдік фактілер негізінде белгілі бір жүйеге келтіруді, анықтауды мақсат етеді» (Қайдар, 2014).

«Этнолингвистика – халықтың этногенезін, тұрмыс-салты мен әдет-ғұрпын, мекен-жайын, басқа халықтармен тарихи-мәдени байланысын, күнделікті тұрмысын, материалдық және рухани мәдениетін зерттейтін тіл білімінің жаңа саласы» (Манкеева, 2014).

«Кез келген этностың мәдениеті шеңберінде көзі ашылмаған мол қазынаның бастау бұлағын іздеп, оларды сала-сала бойынша жинап-теріп, мән-мазмұны күңгірттенген ұғымдар мен түсініктерді, сөздер мен тіркесімдерді шығу себебі мен қалыптасуын, даму дәстүрін байланыстыра қарастыруда этнолингвистиканың маңызы зор» (Бекболғанова, 2011). Осы анықтамалардың негізінде ұлттың тілін тарихымен, салт-дәстүрімен, наным-сенімімен, аңыздарымен сабақтастыра зерттеу этнолингвистика ғылымының міндеттеріне қатысты саналады. Біздің негізгі мақсатымыз «Елең-алаң» романында ұмыт бола бастаған төл

сөздерімізді жинақтап, жаңғырту, қолданымдық аясын кеңейту болып саналады. Жазушы тіліндегі көпшілік түсіне бермейтін сөздердің арғы жағында тұтас этностың, халықтың тірлігі, болмысы көрінетіндігін нақты мысалдар негізінде дәйектедік. Сонымен қатар біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы этнографиялық бірліктер тіл ғылымында жаңаша қырынан қарастырылып, олардың танымдық сипаты мен әлеуеті анықталады.

Әдебиетке шолу

Роман тілін зерттеу мәселесі XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында Еуропа тілші ғалымдарының қадамынан бастау алды. Роман тіліндегі поэтика мәселесіне зер салған А.Потебня, автордың даралық тұлғасы туралы В.Виноградовтың пікірлері, қазақ романдарының тілдік жағына зер салған ғалымдар еңбегі баршылық. XX ғасырда этнолингвистика мәселесі Н.И. Толстой, В.В. Иванов, В.Н. Топоров, А.Ф. Журавлев, С.М. Толстая еңбектерінде көтерілді. Ал этнолингвистиканың қазақ жерінде дамып, өркендеуіне Н.Уәлиев, Б.Қалиұлы, Г.Смағұлова, Б.Момынова, Ғ.Аронов, Р.Шойбеков және тағы да басқа ғалымдар өз үлестерін қосып келеді.

Жазушы тілінің даралығы, стильдік ерекшелігі, көркемдік қыры турасында мол үлесін қалдырып келген ғалымның бірі – Р.Сыздықова. Тарихи романдардағы тілдік құралдарды қолдану тұрғысынан, шығарма тілінің стилін түзуден, тарихи реалийлердің көрінуіне жаңа бағыт-бастама жасады. Ғалымның талдауында Әбіш шығармаларының даралық сипаты, поэтикалық үні, тілдік-стильдік мәнері өзгешелігімен ерекшеленеді (Сыздықова, 2014: 84-85).

Т.Ермекова, Н.Жаңабаеваның мақаласында (Ермекова, Жаңабаева, 2022) қызға қатысты этнографизмдер сараланып, олардың танымдық, ұлттық колориті туралы байыптамалар жасалады.

М.Бекболғанованың «Көркем шығармадағы тұрмыстық суреттеулердің этнолингвистикалық сипаты» атты мақаласында Ш.Мұртазаның «Қызыл жебе», «Ай мен Айша» романдарындағы тұрмыстық суреттеулердің этнолингвистикалық аясы кеңінен ашылады. Қазақ халқының болмысын айшықтайтын этносуреттеулер Ш.Мұртаза романдары негізінде тақырыптық жағынан сараланады.

Нәтижелер және талқылау

Ғылыми мақаламыздың нәтижелерінде «Елең-алаң» романындағы этнографизмдердің сипатын ашуға ұмтылдық, зерттеуші Т.Н. Ермекованың «Жалпы әр ұлттың рухани және материалдық мәдениетінен хабар, ақпарат беретін тілдік бірліктер сол ұлттың ең қастерлі байлығы деп айтсақ артық болмас» (Ермекова, 2022: 29), өйткені салт-дәстүрдің көркемдік-шынайылық тұрғысынан жауап беруі «қай заманда да әдебиеттің алдына қойылатын негізгі шарттың бірі – оның заманалық сипатқа ие болуы, дәстүрлердің адам санасына, рухына әсер етіп, этикалық, эстетикалық сауалдарына көркемдік жауап бере білуі. Барлық гәп – көтеріліп отырған идеяның өміршендігінде, характерлер мен оқиғалардың табиғи бірлестік табуында, суреткер мұратының биіктігінде» (Бердібай, 1997: 158). Бұл ретте академик Ә.Қайдардың тіліміздегі этноатауларды жинақтаған «Этнолингвистикалық этюдтер» айдары біздің тақырыпты кеңінен зерделеуімізге мол мүмкіндік берді (Қайдар, 2014: 474).

Қазақ тіл білімінде ұлттың болмыс-бітімін этномәдени бірлік ретінде қарастырған, жинақтап жүйелеуде мол еңбек сіңірген ғалым Ә.Қайдардың этнолингвистикалық арналарға жіктемесі төмендегідей: баламалар, тұрақты теңеулер, мақал-мәтелдер, фразеологизмдер, жұмбақтар, ауыз әдебиет үлгілері (Қайдар, 2014: 497).

Шығарманы көрікті ететін, жазушының асқан шеберлігі көзге түсетін жері – суреттеу кезеңі. Зерттеуші М.Базарбаевтың зерделеуінде «тіл көркем болса, шығарма да көркем болатыны талас тудырмаса керек... Бейнелі, бедерлі сөз – көркем туындының қаны мен сөлі. Талапкер жанның қай-қайсысының болса да бұл жадынан шығармайтын альфаомегасы болуы шарт» (Базарбаев, 2005: 201) деген талабы біздің ойымызбен ұштасады.

Жазушы тіліндегі этнографизмдер шығармада қазақ халқының ұлттық менталитетін аңғартып қана қоймай, бүгінгі өскелең ұрпақ санасында халқымыздың көне ұмыт бола бастаған наным-сенімдерін қайта жаңғырту есебінде қолданылған. Бұл «рухани мәдениет лексикасының мазмұнында этнопедагогикалық дағдылар, құқықтық-әлеуметтік нормалар, әкімшілік бөлініс,

басқару жүйесі, билік жүргізу, лауазымдық дәреже тағы басқаларына қатысты құнды деректер» біз зерттеу нысанына алып отырған Ә.Кекілбаев романдарында да молынан көрініс тапқан (Манкеева, 2008: 68).

Ә.Кекілбаев – қазақтың ұлттық болмысын, колоритін шебер беретін жазушы. «Елең-алаң» романында кездесетін этнолингвистикалық сипаты басым екі жүзге жуық мысалдары талданды. Бұл мысалдар өзара тақырыптық топтарға ажыратылды.

Ә.Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы аймақтық этномәдени лексиканы қолдануын мазмұндық-жанрлық жағынан былайша жіктедік: ислам дініне қатысты, менталды (наным-сенімге қатысты) салт-дәстүр, туыстық атауларға байланысты, төрт түлік мал лексемасы, тәуіпшілік, ем-домға қатысты ырым-тыйымдар, ұлттық тағам, ұлттық ойын, көші-қонға байланысты этнографизмдер.

Сөзіміз дәлелді болуы үшін зерттеу нысаны етіп алынған «Елең-алаң» романынан мысал келтіре отырып түсіндірейік:

Арына кешірім жоқ. Суық қол ұры қарабет атанып, осы қадірмен қауымның алдында қырық үйдің табалдырығынан аттап, қырық қазанның түп күйесін бетіне жағып шықсын! ...Үкім аттағаны – ата-бабаның аруағын аттағаны. Ол құран аттағанға бара-бар күпірлік. Күпірлікке кешірім жүрмейді (Кекілбайұлы, 1999: 7). *«Иә, сәт! Иә, аруақ, бергеніңе шүкір!» – деді. «Тәуба, тәуба, тап осы бетіңнен танба!» – деді* (Кекілбайұлы, 1999: 136).

Аңзарғаны – қарсы алдынан қорғалаған айдың бетіне ұқсаған бір көмескі кескін көлбеу еткендей болды. «Қорғалаған айға тура қараушы болма! Онда мыстан кемпір отырады. Тура қарасаң, кірпігіңді жұлып ап, қари қып тастайды», – деуші еді үлкендер. Мына бір жұмбақ кескінге де ол дұрыстап қарай алмады (Кекілбайұлы, 1999: 1).

– Батыреке, бұл кісі айтады, қазақтар көзі ауырғанда не істейді екен дейді?

– Көзге жел тисе, оған не ыстық сары майға, не түйенің ыстық сүтіне малып, мақта басса немесе жаңа сойылған қойдың бауырын тартса, бәрі де болмаса, қабырғаны отқа ұстап, ыстықтай көздің қызыл етіне тигізсе, іріңін сорып, ісігін қайтарады. Көз қарыққанда, құрым киізді тесіп томаға кигізеді. Ақ түссе – меруерт моншақты ұнтап түйіп, оны ерітілген балық майына араластырып, май жасап, оймақтай теріге жағып, ауру көзге байлайды немесе кіндіктен жалғыз туған кісіге аш қарында үргізеді. Теріскен шықса – ине байлайды не жас нәрестенің дәретімен жуады (Кекілбайұлы, 1999: 116).

Не күн шығып келе жатқанда, не күн батып бара жатқанда бір тостағанға су толтыр да, ішіне үш тал бұрыш пен қалампыр сал. Науқас кісіні құбылаға қаратып отырғыз да, су ұрттап ап, бетіне, екі бүйіріне, арқасына су бүркіп ұшықта. Су біткесін тостағанды ауру кісінің басынан үш айналдырып, аулаққа лақтырып, ауруға тоғыз қабат киім жапқызып, өзің де аулақ кет... (Кекілбайұлы, 1999: 116).

Мұндағы көзі ауырғанда, адам ауырғанда жасалатын ырым-жоралғылар қазақ салтында бұрыннан бар. Бұны біздің жіктеуіміздегі ем-домға қатысты ырым-тыйымдарға жатқыздық. Жазушы шығарма колоритін арттыру үшін этноырымдарды шығармаға орайластырып қосқан. Табиғат құбылыстарымен болатын ерекшеліктер Ә.Қайдардың этнолингвистикалық этюдтерінде де айтылады (Қайдар, 2014: 474). Ай символының қызметі наным-сенім, сыйыну, тотемдік, шамандық дәуірден бастап ұлттық санада сақталып, генетикалық тұрғыдан жалғасып келе жатқан мифологемдік этномаркерлер қатарына жататындығын ғалым Ж.Манкеева өз еңбегінде айтқан болатын (Манкеева, 2014: 28).

Жазушының этнографизмдері ауыз әдебиетімен қабысып жатыр, осы орайда жазушының «сөз таңдауы дегенде өз баяндауына (автор тіліне), сондай-ақ кейіпкер тіліне қажет лексика топтары дұрыс, орынды шебер қолдануына назар аударылады. Бұл ретте жазушының этнографизмдерді, тұрмыстық сөздерді, жергілікті немесе кәсіби сөздерді, көне және сирек жұмсалатын сөздерді алғашқы проза жанрында қалайша таңдағаны, жұмсағаны айтылмақ (Сыздықова, 2014: 24).

«Елең-алаңда» жазушының этнографиялық лексиканы сәтті беретін тұсы – ауыл картинасын ашуда, күнделікті тұрмыста жиі айтылмайтын, бүгінгі ұрпақ елеп ескермейтін мағыналары күнгірт тартқан сөздерді дәстүрлі қолданысқа енгізуінде еді.

Үйге сыйып отыра алмайсың. Жүгіріп сыртқа шыққың келеді де тұрады. Сыртқа шықсаң – қалың біткен бидайық пен еркек желді күнгі көл бетіндегі өз-өзінен бұлықсып бұлқынып жатқаны. Қақалып тығыз өскен майқара жусан, морттық, ажырық ебелек қырықтықтан қаймыққан семіз көбенің жон арқасындай қараптан-қарап дір-дір етеді... Жел жоқтың өзінде тұнба айдын бойжеткен киіп шыққан көк шәйі көйлектің қатармалы етегіндегі білем-білем әжімденіп апты.

Тау сілемдері бидайдай бытырап, қадала жайылып жатқан отар-отар қой. Шыбынсыз жазда құлақтарын кесіп алсаң да білместей болып, кенедей жабысып жатқан бауырсақ құлақ мақұлықтарға «шәйіт» деуден де қол босап, ерігіп қалған қойшылар бәрі үлкен төбенің басына жиылып, бір-бірінен қойыртпақ ішіп, жұмыр татыспақ жасап, отыра қалып тоғызқұмалақ таратып, тұра қалып, қазан доп лақтырып, жата қалып белдесіп мәре-сәре (Кекілбайұлы, 1999: 130).

...Көлеңке бетте қазық қағылып, өрмек құрылады. Әйелдер ұршық, қыздар көрпе құрайды. Осыдан биылғы жабағы жүн қолмен иіріліп бітіп домалақ-домалақ жіп болғаниша, сосын сол домалақ-домалақ жіп келетеліп боялып шыққаниша, боялған жіп өрмек боп құрылғаниша, ол өрмек тоқылып бітіп, алаша кілем боп төселіп, бау, бас құр, төсек қап, аяқ қап, қоржын боп кереге басына, уық қарына ілінгенше шуылдаған пақырларға тыным жоқ (Кекілбайұлы, 1999: 132).

...Әсіресе, балаларда тыным жоқ. Үйдің маңын шаңдатпаңдар дейтін үлкендерден қашып анадай-анадайдағы көгалдарға барып шілдік атады, қашпа топ ойнайды. Тақыр мен тастақ ұшырасса, дөңгелетіп шеңбер сызып, асық атады. Бұта-бұтаның түбін тінтіп, ұя тауып, құсқа тұзақ құрады. Түн баласы ақ көш, ақ сүйек... (Кекілбайұлы, 1999: 132-133).

...Жабағы жүн қырқылып, тай-құннан күзеліп, сандарына таңба басылып, қысырақтардың алдына үйір түсіп, қозыны енесінен айырып, жайлауға көшуге не керектің бәрі істеліп болғасын, ел жақсылары бір жерге жиылып көші-қон жайын әңгіме ететін (Кекілбайұлы, 1999: 135).

Олардың жол азығы да осы отардың өзінде. Қарындары ашса – қой сауып, жұмырларындағы ащы айранға сүт қосып, қойыртпақ ішеді. Кештеу туған саулықтардың желінін қақтап уыз қатырады. Иштері пысса – қошқар сүзістіреді. Ауыздарын жаппай ертегі айтысады. Дауыстары ашықтары шырқатып ән бастайды (Кекілбайұлы, 1999: 126).

Бұл жердегі белгіленген сөздер мен сөз тіркестері жазушы қолданған ұлттық тағам, ұлттық ойын, көші-қонға байланысты этнографизмдер тобын құрайды.

Бұл мәтінде жазушының этнографизмдерді молынан қолдануымен бірге халық тілінде жиі кездесетін ұлттық колорит сөздер кездеседі. Шығарма мазмұнын толықтыруда рухани мәдениет – этномәдени деректерді келтіру арқылы автор қазақ тарихы әдебиеті саласында, қазақ руханиятында антропоэлекті этнолингвистика саласына үлес қосты дей аламыз.

Қыс қысылып, енді міне жаз жазыла бастаған көшпелі дәурен бәрібір көңілді, бәрібір шат-шадыман. Алқара көк дөңбек жоталарды сауырлай тоқтаған көштердің түйелері арқалары босап, жайылысқа шыққан тұстарында шымқай ашық ауаға шым-шытырық кесте төгіп керегелер жайылды, аспандап шаңырақтар көтерілді, шүпірлеп уықтар шаншылды. Сол бір шым-шытырық қызыл күрең көп сызықтың өз әшекейі аздай әлекей-күлекей баулар байланып, қызылды-жасыл басқұрлар тартылды, қос қапталға кереге сыртынан шымырулы ши ұсталып, оның үстін уыздай аппақ үзік, туырлық қымтады (Кекілбайұлы, 1999: 129).

Ауылдың көшпелі тірлігімен қатар көз алдына ен жайлаудағы жайылған мал, «кестеленген керегелер, аспандаған шаңырақтар, шүпірлеген уықтардың қадалуы» кәнігі құбылыс болғанымен, жазушы тілінде басқаша жанды музыкамен ойнап тұрғандай әсер қалдырады. Сәтті қолданылған эпитеттер мен теңеулерді көші-қонға байланысты этнографизмдерге жатқыздық.

Әбіш Кекілбаевтың романдарындағы аймақтық этномәдени бірліктер этнолингвистикалық лингвомәденитанымдық тұрғыдан күнделікті тұрмыстағы айналысатын төл кәсібі, еңбегіне қатысты зоолексика мен төрт түлік мал шаруашылығына қатысты лексикамен беріледі. «Соған сәйкес ассоциативті-бейнелі танымның арқасында ұлт өкілінің белгілі бір болмыстық сипаты (мінезі, түрі т.б) сол ұлт мәдениетіне, тұрмыс, кәсібіне сәйкес қалыптасқан мал шаруашылығына

қатысты белгілермен тілде белгіленгені нақты көрсетіледі» (Манкеева, 2014: 247).

Роман тілінен мысалдармен дәлелдер болсақ, *...қара ат мінген қатулы жасауылдар сары ала жыландай жуан-жуан дойырлары салаңдаған оң қолдарын көкке көтеріп:*

Насыбай десең, анау қайыған інгендей қайқаңдап тұрған сары қатыннан ал! Шалқаңнан түсіреді! (Кекілбайұлы, 1999: 51).

Мынадай тас қорғанның қасында атқа мініп, найзаларын шошаңдатып келген жоңғарлар түйеге үрген күшіктей күлкілі боп қалатын шығар (Кекілбайұлы, 1999: 63).

...Терістіктен түскейге құлай салған мыж-мыж Мұғаджардың шығыс бүйірін о жер, бұ жерден тесіп аққан жыланшық өзендерден бастап сонау ен Ырғыз, ту Торғайға дейінгі ұланғайыр өлкенің биыл құйқалы жылы (Кекілбайұлы, 1999: 123).

Салқын топырақ біразға дейін бойы жылымай, күйті келмеген қақсал інгендей бедірейіп жатты да қойды. Бірақ салқар аспанның шаршы төріндегі алтын баулы қазығының сар жібек бұйдасын шұбалта созып желіп жеткен сары атанның ыстық қоламтадай пәрменді бауыры нені шыдатпақ? Алғашқы күндерде-ақ ылғал баурайлардан бықсыған бу ұшып, аптаның аяғында кезеріп жатқан көн топырақ түбіттеніп, келесі аптаның басында жер-жаһан қызға қарайтын жасқа жеткен жасөспірім бозбаладай бой сәндеп, мұрт сылайды. ...Әншейінде жоғалған түйедей айдалада жападан-жалғыз маңқиып-маңқиып тұратын аңғал-саңғал жақпар биіктердің өздері қартайғанда қатыны өліп, тоқал іздеп, амалсыз сақал-мұртын күзеп, жасанып шыққан мәужір еркектердей жасыл мен қызылды аралас жамылып, әсіре әлмештеніп алыпты (Кекілбайұлы, 1999: 124).

Қойшы образының галереясын сәтті түзуде жазушының кәсіби жергілікті теңеулерін, халықтың шынайы тұрмысынан алынған өзіндік шешендік түйдектерін қолдануы шығарма көркемдігін арттыра түседі. «Портрет – адам бейнесіне қатысты метонимиялық құбылыс, біраз көркемдік тұрғыда толымды құбылыс. Ол – жаратылыстың шеберлігіне, өмірдің күрделі табиғатына тәнті қылатын, тарихи мәні зор эстетикалық, эмоционалды-психологиялық, пластикалық, антропометриялық құндылық» (Майтанов, 2009: 533-534).

Жарық ерін, жалақ ауыз қойшы тек қойыртпақтың дәмі мен қойдың жәйін гана біліп қоймай, күні бойы талай-талай қиялға батады. Төңірегіндегі қыбыр-жыбыр тіршілікке зер салады. Қазаққа табиғаттың талай сырын қойшының таяғы мен қой торының аяғы ашып берген. Жарық ерін, жалақ ауыз қойшы тек қой гана бақпайды, ой да бағады. Қойың от жерге тап болып, бір жұлғаны бір май болып, тыныш жайылып жатса, шалқаңнан түсіп, ойға батпағанда не істейсің? Қазақтың талай дастанын, ертегісін, жұмбағын, әндері мен жаңылтпаштарын осы қойшыекеңдер туғызған. Далиған даланың қақ төрінде таяқ құшақтап талтайып тұрған қойшының көңілі кезеген, көзі көреген, жүрегі сезеген (Кекілбайұлы, 1999: 127).

Автордың теңеулері – кәнігі қазақы тұрмыстан алынған суреттеу теңеулері. Зоологиялық теңеулерді қарай отырып, шындығында ауылдың қазақы көрінісі мен сары ала жылан, қайыған інген, түйеге үрген күшік, боталы ауылға тап болған жылқы құйрығы шығарманың көркемділігін арттырып қана қоймай, жазушының ауыл картинасын берудегі шешендігін меңзеп тұспалдауымен қатар, оқырманын авторлық даралық теңеулермен таныстырады.

«Образдық-сезімдік тұрғыдан әлемді тану, адам баласының табиғат-болмысына үңілу, тұрмыс-тіршілік мәнісін бағалау, көңіл-күй құбылыстары және қиял ырқымен жүзеге асатын суретті, бейнелі ұғымдар синтезі, көркемдік ойлаудың ерекшелігі» (Негимов, 2015: 180) ретінде жазушының күрделі синкретті теңеулері бағзы өңірдің, табиғаттың тамаша үзік көріністерін бейнелейді.

Романның тұтас контексінде образды теңеулердің молынан ұшырауы далалық этностың даралық портретін беру үшін қолданылса, қазақ тұрмысына тән салт-дәстүрлік элементтер эпико-эстетикалық сипатта беріледі.

Осы сияқты қазақы салт-дәстүр мен әдет-ғұрыптың көрінісін сипаттайтын мысалдар жеткілікті. *Жаз шаршысына толып, ен жайлауға ел көшіп қонғанша қалдырылған талай шаруаға қол енді босайды. Қоңсы қонған ауылдар бір-біріне барып қоныс құтты айтысады. Қыста аяқтанған балалардың тұсауы енді кесіліп, көктеуде туған балалардың шілдеханасы*

енді жасалады... Жаңа тігілген үйлер, ту сырттарынан қарағанда, іргелерін белдеуге дейін сәңкитте түріп, көл кешкелі тұрған қоқи қаздай қызыл сирақтанып алған (Кекілбайұлы, 1999: 129). «Апырай, мынаның жаны бар ма? Әлгісі атау кересін ішкені болмасын...» (Кекілбайұлы, 1999: 168).

Қадірлі атасының қасына кеп, сыпайысып отырған ерке немередей, екі жаққа жалтақ-жалтақ қарап қойып, әңгімесіне кірісті (Кекілбайұлы, 1999: 199).

Хабаршы жігіт ділмар-ақ екен. Құдды бір қыз айттыра барған құдадай ештеңе қалдырмай бәрін майын тамызып егжей-текжейлеп баяндап берді (Кекілбайұлы, 1999: 233).

Үш күн бойы қайын жұрттарына келіп, қыз ойнақта жатқандай, жүздері күреңітіп алған (Кекілбайұлы, 1999: 246).

Жазушы тіліндегі этнотөңеулер «...біріншіден, айтпақ ойына әсерлі үн берсе, екіншіден, табиғаттың әр тұсын мәпелей, сүйіне сөз ету, сірә, сол табиғатпен етене болған дала перзенттері – қазақтардың жанына жылы тиетін болу керек» (Сыздықова, 2014: 34). Олар әлеуметтік маңызы жоғары дәстүрлі жергілікті салт-сананың көрінісі ретінде шығарманың композициялық құрылымына нәр беріп тұр.

Шатырға кіріп келгенде қапелімде тілінен айырылып қала жаздады. Самаладай кең баспанада өңшең бір дағарадай қызыл түлкі тымақтан көз тұнады. Шеттерінен тойға келгендей сәндене киініпті. Өңшең бір құдасының төрінде отырғандай манаурай жайғасқан маңғаз немелер (Кекілбайұлы, 1999: 52).

Қашан да үсті-басы осылай қақпан қарап қайтып келе жатқан аңшыдай құрап жүргенмен, қайын жұртына келген күйеудей аяғын арқайын көсілмей, сызылып отырғанмен көкейінде талай қызыл құрттың басы шошайып жататын (Кекілбайұлы, 1999: 281).

Қорытынды

Жалпы, жұмысымызды қорыта келе, Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы этнографизмдер мен этнолексикалық бірліктерді мағыналық-жанрлық жағынан жіктедік. Зерттеуіміздің шеңберіне енбей қалған «Елең-алаңдағы» этнографизмдер әлі де жан-жақты зерттеуді талап етеді. Жазушы тіліндегі этнографизмдерді тақырыптық жағынан саралап, антропоэлектік жағынан зерттеудің құндылығы – бүгінгі ұрпақ пен келер ұрпақ санасын тарихы терең, тәрбиелік мәні зор қазақ болып туғанына мақтаныш сезімін ұялататын ғибратты мұраның бір бөлшегі бола алуында. Осы арқылы Әбіш Кекілбаевтың ұлт руханиятындағы үлес-қарымы, шығармашылық лабораториясының мәңгілік құндылықтары мынада деп тұжырым жасаймыз: туған жерді ардақтап, қастерлеу сипатынан «Елең-алаңның» халықтығы танылады; Әбіш тағылымындағы шешендік шиырлардың басты тағылымы толғауы тоқсан қызыл тілмен баяндауы, ол жазушы арсеналындағы этносөздік қордың молдығы. Зерттеу жұмысының болашақ перспективалары негізінде Әбіш Кекілбаев романдарындағы этнографизмдердің жүйелік-желілік сөздігін жасау қажеттілігі туындады. Түптеп келгенде, Әбіш Кекілбаевтың «Елең-алаң» романындағы этнографизмдер қазақтың бай рухани мәдениеті мен тарихынан суарылған жазушы лексиконын дамытудағы, шығарма өміршендігін сақтаудағы басты көркемдік құбылыс деуге негіз бар. Зерттеу аясына енбеген жазушы тіліндегі этнобірліктер келесі зерттеу мақаламызда сөз етілетін болады. Әбіш шығармашылығына дендеп кіру, әбіштанудың келелі мазмұнды беттерін парақтау арқылы, жазушы тілінде этнографизмдер тарихын әлі де зерделеу бүгінгі және келешек ұрпақтың санасына қалатын маңызды жәдігеріміздің бірегейі болмақ.

Әдебиеттер

- Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет. – Алматы, 2005. – 512 б.
 Бекболғанова М. Көркем шығармадағы тұрмыстық суреттеулердің этнолингвистикалық сипаты // ҚазҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. – 2011, № 2.
 Бердібай Р. Тарихи роман. – Алматы: Санат, 1997. – 322 б.
 Еркекова Т.Н. Қызға қатысты этнографизмдердің танымдық сипаты // Еуразия гуманитарлық университетінің Хабаршысы. – 2022, №3.
 Кекілбайұлы Ә. Он екі томдық шығармалар жинағы. Том 5. – Алматы, 1999. – 416 б.
 Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр: Мақалалар, баяндамалар жинағы. – Алматы: Сардар, 2014.
 Майтанов Б. Мұхтар Әуезов және ұлттық әдеби үрдістер: Зерттеулер, эсселер. – Алматы, 2009. – 544 б.

- Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Абзал-Ай, 2014. – 640 б.
- Манкеева Ж. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы, 2008. – 356 б.
- Негимов С. Шығармалары. Зерттеулер. – Астана, 2015. – 424 б.
- Нұрдаулетова Б.І. Ә.Кекілбаев тарихи романдарының тілдік әлеуеті // Халық жазушысы, мемлекет және қоғам қайраткері, ҚР Еңбек Ері Ә.Кекілбайұлының 80 жылдығына арналған әдебиет және өнер қайраткерлері Халықаралық конгресінің материалдары. – Ақтау, 2019. – 242 б.
- Сыздықова Р. Сөз құдіреті. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел шежіре, 2014. – 296 б.

References

- Bazarbaev M. (2005) Zamana tudyrgan adebiet. Almaty, 512 b. [Bazarbaev M. (2005) Literature created by The Times. Almaty, 512 p.] (in Kazakh)
- Bekbolganova M. (2011) Korkem shygarmadagy turmystyq suretteulerding etnolingvistikalыq sipaty. QazUU Habarshysy, № 2. [Bekbolganova M. (2011) Ethnolinguistic character of household descriptions in a work of art. Kaznu Bulletin. Philology series. No. 2.] (in Kazakh)
- Berdibai R. (1997) Tarihi roman. Almaty: Sanat, 322 b. [Berdibai R. (1997) Historical novel. Almaty: Category, 322 p.] (in Kazakh)
- Ermekova T.N. (2022) Qyzga qatysty etnografizmderdіng tanymdyq sipaty. Eurazija gumanitarlyq universitetining Habarshysy, №3. [Ermekova T.N. (2022) The cognitive nature of ethnographisms in relation to the girl. Bulletin of the Eurasian Humanitarian University, No. 3.] (in Kazakh)
- Kekilbaiuly A. (1999) On eki tomdyq shygarmalar zhinagy. Tom 5. Almaty, 416 b. [Kekilbaiuly A. (1999) Collection of works in twelve volumes. Vol. 5. Almaty, 416 p.] (in Kazakh)
- Maitanov B. (2009) Muhtar Auezov zhane ulttyq adebi urdister: Zertteuler, esseler. Almaty, 544 b. [Maitanov B. (2009) Mukhtar Auezov and national literary trends: Research, essays. Almaty, 544 p.] (in Kazakh)
- Mankeeva Zh. (2014) Qazaq til bilimining maseleleri. Almaty: Abzal-Ai, 640 b. [Mankeeva Zh. (2014) Problems of Kazakh linguistics. Almaty: Abzal-Ai, 640 p.] (in Kazakh)
- Mankeeva Zh. (2008) Qazaq tilindegi etnomadeni ataulardyng tanymdyq negizderi. Almaty, 356 b. [Mankeeva Zh. (2008) Cognitive foundations of ethno-cultural names in the Kazakh language. Almaty, 356 p.] (in Kazakh)
- Negimov S. (2015) Shygarmalary. Zertteuler. Astana, 424 b. [Negimov S. (2015) Works. Research. Astana, 424 p.] (in Kazakh)
- Nurdauletova B.I. (2019) A.Kekilbajev tarihi romandarynyng tildik aleueti. Halyq zhazushysy, memleket zhane qogam qajratkeri, QR Engbek Eri A.Kekilbajulynyng 80 zhyldygyyna arналган әдебиет және өнер қайраткерлері Halyqaralyq kongresining materialdary. Aqtau, 2019, 242 b. [Nurdauletova B.I. (2019) The linguistic potential of historical novels by A. Kekilbayev. Materials of the International Congress dedicated to the 80th anniversary of the people's writer A. Kekilbayuly. Aktau, 242 p.] (in Kazakh)
- Qajdar A. (2014) Gylymdagy gumyr: Maqalalar, bajandamalar zhinagy. Almaty: Sardar. [Qajdar A. (2014) Life in science: Collection of articles, reports. Almaty: Sardar.] (in Kazakh)
- Syzdyqova R. (2014) Soz qudireti. Koptomdyq shygarmalar zhinagy. Almaty: El shezhire, 296 b. [Syzdyqova R. (2014) The power of the word. Collection of multi-volume works. Almaty: El shezhire, 296 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 10.07.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 18.09.2024.

© Әнес Ғ.Қ., Сөйлемез О., Бүркітбаева А.С., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024

**Күлсін Халыққызы Абдрахманова^{1*}, Назым Нұрболатқызы Қонқабаева²,
Жібек Тұрарқызы Абдуллаева³**

^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты, доцент,
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы қ.,
ORCID: 0000-0002-6484-059X E-mail: agulsum@mail.ru

² философия докторы (PhD), Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0001-5161-2232 E-mail: haia89@mail.ru

³ филология ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-7613-2531 E-mail: zhibek.turarovna@gmail.com

**ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ
ЭТНОМӘДЕНИ ЖӘНЕ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ ПАРАДИГМА**

Аннотация. Мақалада ортағасырлық түркі жазба ескерткіштерінің тілі мәдениет контекстінде қарастырылады. Қарахандықтар дәуірінің көлемді де құнды этнографиялық және әдеби еңбектері болып саналатын М.Қашқаридың «Диуани лұғат ат-түрік» сөздігі мен Ж.Баласағұнның «Құтадғу білік» дастаны зерттеуіміздің материалы болып алынды. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштері антропоцентристік парадигма тұрғысынан зерделеніп, ескерткіштер тілі мәдениеттің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады. Түркі ескерткіштеріндегі мақал-мәтелдердің табиғатына, олардың қазіргі қазақ тіліндегі мақал-мәтелдермен ұқсастықтарына, яғни парадигмалық байланысына аса назар аударылады. Екі ескерткіште де түркілердің этникалық болмысын, мәдениетін сипаттайтын мәдени және тілдік деректерге мән берілді. Ортағасырлық екі ескерткіштегі этномәдени лексиканы талдау көрсеткендей, түркі халықтары ортағасырда егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысқан, олардың дүниетанымдық көзқарастары, лексикалық бірліктері қазіргі түркі халықтарымен, соның ішінде қазақ халқымен сәйкес келеді. Сонымен қатар екі ескерткіштегі этнографиялық лексиканың тақырыптық топтары көрсетілді. Талдау М.Қашқаридың еңбегінде орта ғасырлардағы түркілердің өмірі, материалдық және рухани мәдениеті туралы құнды ақпарат қамтылғанын көрсетті. «Құтадғу білік» дастаны мен қазақ поэзиясындағы лексикалық және поэтикалық сәйкестіктер анықталды.

Тірек сөздер: ортағасырлық түркі ескерткіштері; этномәдени лексика; лингвистикалық парадигма; антропоцентристік парадигма; материалдық және рухани мәдениет

Қаржыландыру көзі: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Ортағасыр ескерткіштер тіліндегі этномәдени және лингвистикалық парадигма» тақырыбындағы гранттық қаржыландыру жобасын жүзеге асыру аясында орындалды (AP19175804).

Сілтеме жасау үшін: Абдрахманова К.Х., Қонқабаева Н.Н., Абдуллаева Ж.Т. Ортағасырлық түркі жазба ескерткіштеріндегі этномәдени және лингвистикалық парадигма. *Tiltanyum*, 2024. №3 (95). 40-50-бб.

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-40-50>

**Кулсин Халыковна Абдрахманова^{1*}, Назым Нурболатовна Конқабаева²,
Жибек Тураровна Абдуллаева³**

^{1*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук, доцент,
Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-6484-059X E-mail: agulsum@mail.ru

² доктор философии (PhD), Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0001-5161-2232 E-mail: haia89@mail.ru

³ кандидат филологических наук, Казахский национальный университет имени аль-Фараби,
Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-7613-2531 E-mail: zhibek.turarovna@gmail.com

**ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ И ЛИНГВИСТИЧЕСКАЯ ПАРАДИГМА
В ТЮРКСКИХ ПИСЬМЕННЫХ ПАМЯТНИКАХ СРЕДНЕВЕКОВЬЯ**

Аннотация. В статье рассматривается язык письменных памятников средневековой тюркской литературы в контексте культуры. Исследование проводилось на материале двух крупных этнографических и литературных памятников эпохи Караханидов – словаря «Дивани лугат ат-тюрк» М.Кашкари и поэмы «Кутадгу Билик» Ж.Баласагуна. Средневековые тюркские письменные памятники были изучены в аспекте антропоцентрической парадигмы, где язык памятников рассмотрен как неотъемлемая часть человеческой культуры. Особое внимание уделяется изучению природы пословиц и поговорок в тюркских памятниках, их сходствам с пословицами и поговорками в казахском языке, т.е. на их парадигматические связи. Подчеркивались культурные и языковые

сведения в памятниках, которые характеризуют этническую культуру и миропонимание тюрков. Анализируя этнокультурную лексику в двух средневековых памятниках, выяснили, что тюркские народы занимались земледелием и животноводством в средневековье. Подчеркиваются общие сходства образа жизни и мировоззрения древних тюркских народов с современными тюркскими народами, в том числе с казахским народом. В статье предложена тематическая классификация этнографической лексики, зафиксированной в двух письменных памятниках. Как показал анализ, в словаре М. Қашкари содержится этнокультурная лексика, которая дает ценные сведения о жизни и культуре тюркских народов. Определили соответствия лексических и поэтических средств поэмы «Кутадгу билик» с казахской поэзией.

Ключевые слова: средневековые тюркские памятники; этнокультурная лексика; лингвистическая парадигма; антропоцентрическая парадигма; материальная и духовная культура

Источник финансирования: Статья выполнена в рамках реализации проекта грантового финансирования Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан на тему «Этнокультурная и лингвистическая парадигма в тюркских письменных памятниках средневековья» (AP19175804).

Для цитирования: Абдрахманова К.Х., Конкабаева Н.Н., Абдуллаева Ж.Т. Этнокультурная и лингвистическая парадигма в тюркских письменных памятниках средневековья. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). С. 40-50. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-40-50>

Kulsin Abdrakhmanova^{1*}, Nazim Konkabayeva, Zhibek Abdullayeva

^{1*}Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, Docent,
Abai Kazakh National Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-6484-059X E-mail: agulsum@mail.ru

²Doctor of Philosophy (PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University,
Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0001-5161-2232 E-mail: haia89@mail.ru

³Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty,
ORCID: 0000-0002-7613-2531 E-mail: zhibek.turarovna@gmail.com

THE ETHNOCULTURAL AND LINGUISTIC PARADIGM IN THE TURKIC WRITTEN MONUMENTS OF THE MIDDLE AGES

Abstract. This article examines the language of written monuments of medieval Turkic literature in the context of culture. The study was conducted on the material of two major ethnographic and literary monuments of the Karakhanid era – the dictionary “Divani Lugat at-Turk” by M. Kashkari and the poem “Kutadgu Bilik” by Zh.Balasagun. When studying medieval Turkic written monuments, we relied on an anthropocentric paradigm, that is, we consider the language of monuments as an integral part of culture. Special attention is paid to the study of the nature of proverbs and sayings in Turkic monuments, their similarities with proverbs and sayings in the Kazakh language, i.e. their paradigmatic connections. Cultural and linguistic information was emphasized in the monuments that characterize the ethnic culture and worldview of the Turks. Analyzing the ethnocultural vocabulary in two medieval monuments, it was found out that the Turkic peoples were engaged in agriculture and animal husbandry in the Middle Ages. The general similarities of the lifestyle and worldview of the ancient Turkic peoples with modern Turkic peoples, including the Kazakh people, are emphasized. The article proposes a thematic classification of ethnographic vocabulary recorded in two written monuments. As the analysis showed, M.Kashkari’s dictionary contains ethnocultural vocabulary that provides valuable information about the life and culture of the Turkic peoples. We determined the correspondence of the lexical and poetic means of the poem “Kutadgu bilik” with Kazakh poetry.

Keywords: medieval Turkic monuments; ethnocultural vocabulary; language paradigm; anthropocentric paradigm; material and spiritual culture

Source of financing: The article was carried out within the framework of the grant financing project of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan on the topic “Ethnocultural and linguistic paradigm in Turkic written monuments of the Middle Ages” (AP19175804).

For citation: Abdrakhmanova K., Konkabayeva N., Abdullayeva Zh. The Ethnocultural and Linguistic Paradigm in the Turkic Written Monuments of the Middle Ages. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). P. 40-50. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-40-50>

Кіріспе

Бүгінгі жаһандану, әлемдік өркениет кезеңінде адамзат баласы өз түп-тамырына, ұлттық құндылықтары мен болмысына жіті зер салатын кез келді. Қазіргі заманғы рухани және әлеуметтік жаңалықтар, қоғамдық сана мен өмірде болып жатқан ғаламдық өзгерістер этностың шығу тегін, тарихын, мәдениетін, тілін білуді, ортағасырлық түркі ескерткіштерін қамтитын көне өркениеттердің ұлы туындыларына назар аударуды талап етеді. Түркі халықтарының жазба

4) зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан жасалған бастауыш пен баяндауыш арасына тиісті сызықшаның қойылмауы (*BBC жазғандай, қызыл алмалардың отаны қазіргі Қазақстан жері* (<https://zhambylnews.kz>); *Қазақстан жер бетіндегі барлық алманың отаны. Бұл аңыз немесе гипотеза емес, ғылыми дәлелденген факт* (<https://altyn-orda.kz>); *Алма ағашының өмір сүру ұзақтығы 20 – 100 жыл, биіктігі 4 – 10 м болады* (<https://kk.wikipedia.org>);

5) атау тұлғадағы зат есімнен жасалған бастауыш пен жатыс септіктегі зат есімнен болған баяндауыш арасына сызықшаның қойылуы (*Болашақ кілті – жастар қолында* (<https://bilimainasy.kz>); *Ел ертеңі – болашақ жастардың қолында...* (<https://ust.kz>); *Жемқорлықсыз болашақ – жастардың қолында* (<https://assembly.kz>) және т.б. тіркелді.

Жоғары оқу орындарының бірінші және төртінші курс студенттерінен (511 адам, оның ішінде «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының студенттері де бар) алынған диктанттар нәтижесінің үзіндісінен де жазу нормаларының ескерілу/ескерілмеу деңгейін байқауға болады.

Кесте 1 – Алматы қаласы жоғары оқу орындарының студенттерінен алынған диктанттар нәтижесінің сапалық көрсеткіші (үзінді)

Таблица 1 – Качественный показатель результата диктантов, проведенных среди студентов высших учебных заведений г. Алматы (выписка)

Table 1 – Qualitative indicator of the result of dictation conducted among students of higher educational institutions in Almaty (extract)

<i>Зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан жасалған бастауыш пен баяндауыш арасына қойылатын сызықша ережесіне қатысты мысалдар</i>	<i>Дұрыс жазған</i>	<i>Қате жазған</i>
Қазақ тілі – бай тіл.	34%	66%
Тіл – халықтың ең басты, ең қажет, ең оңтайлы, ең күшті қорғаны.	30%	70%
Қазақстан – алманың отаны!	28%	72%
Бұл – ғалымдар дәлелдеген, талай мәрте айтылған факт.	0%	100%
<i>Айтылған ойдың кімнің тарапынан шыққанын білдіретін қыстырма сөздерден кейін қойылатын үтірге қатысты мысалдар</i>	<i>Дұрыс жазған</i>	<i>Қате жазған</i>
Ғалымдардың пікірінше, алманы жерсіндіру екі бағытта жүрген. Министрдің айтуынша, алдағы уақытта жеміс-жидек өнімдерін сақтау қоймалары да көбеймек.	32%	68%
<i>Ойдың желісін, ретін (бастамасын) білдіретін қыстырма сөзге қатысты мысал</i>	<i>Дұрыс</i>	<i>Қате</i>
Мәселен, Воусе Thompson институтының жүргізген зерттеуіне сәйкес Алатаудың баурайында ғана өсетін Сиверс тұқымы шартараптың түкпір-түкпіріне тараған алманың атасы саналады екен.	54%	46%
<i>Географиялық атаулардың (жалқы есімдердің), мемлекеттік мекемелердің, жоғары ұйымдардың күрделі атауларының бас әріппен жазылуы ережесіне қатысты мысалдар</i>	<i>Дұрыс жазған</i>	<i>Қате жазған</i>
Үлкен Алматы өзені ағып жатыр.	37%	54%
Таяуда осы мәселеге байланысты Сауда және интеграция министрлігіне сауал жолданған болатын.	19%	81%
<i>Бөлек жазылатын шылаулар ережесіне қатысты мысалдар</i>	<i>Дұрыс</i>	<i>Қате</i>
Табиғат құбылыстары да әр өлкенің климатына сәйкес.	68%	32%
Өзен-көлдер мен тау-тастарда мекендейтін тіршілік иесі	60%	40%

Жоғарыдағы мысалдардан көріп отырғанымыздай, ортологиялық құралдарда белгіленген қағидалар мен нормалар күнделікті жазу-сызуда көп жағдайда сақталмайды екен. Бұның біріне жазарманның ұқыпсыздығы себеп болса, екіншісіне оның осы ережелерден бейхабар болуы,

яғни пунктуациялық және орфографиялық сауаттылық деңгейінің төмендігі себеп болып отыр деп ойлаймыз.

Мақаланың материалы ретінде көрсетілген дереккөздерден қажетті тілдік деректерді іздеп, іріктеп, жинақтау барысында тағы бір маңызды жайт анықталды. Ол өз кезегінде қолданыстағы пунктуация және орфография ережелерінің кейбір тұстары нақтылануды қажет ететінін көрсетті.

Ережеге сәйкес *нүкте* шартты графикалық белгі ретінде санамалы нөмірді белгілейтін айшықсыз (жарты жақшасыз) қолданылған цифр не әріптен кейін қойылады. Бұл ереженің мәтін форматындағы көлденең жазудағы қолданысы түсінікті де нақты. Алайда өзіндік ерекшелігі бар кесте ішіндегі мәтінді таңбалауда осы ереженің сақталуы міндетті ме деген сұрақ туындайды. Оның қазіргі жазу-сызудағы қолданысын байқап көрейік.

«Adilet.zan.kz» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесінің сайтынан алынған мына кесте үзіндісінде санамалы нөмірді белгілейтін әр цифрдан кейін *нүкте* қойылғанын көреміз.

Кесте 2 – Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың тізбесі (үзінді)

Таблица 2 – Перечень учебников для организаций среднего образования (выписка)

Table 2 – List of textbooks for secondary education organizations (extract)

№	Басылымның атауы	Автор(лар)	Шыққан жылы	Баспа
1.	Әліппе. Оқулық+Үнтаспа	Ә. Жұмабаева, Н. Құрман, Б. Сабденова (Үнтаспа: Ә. Жұмабаева, Б. Сабденова)	2021	Атамұра
2.	Ана тілі. Оқулық.	Уайсова Г., Сәдуақас Г. Бесірова А.	2021	Атамұра
3.	Математика. Оқулық 1, 2-бөлім	Ә. Ақпаева, Л. Лебедева, М. Мыңжасарова, Т. Лихобабенко	2021	Алматыкітап баспасы

Ал жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған «Қазақ тілі» оқулығынан (Дәулетбекова, 2020; 89) алынған мына кесте үзіндісінде санамалы нөмірді белгілейтін әр цифрдан кейін *нүкте* қойылмаған.

Кесте 3 – «Туризм негіздері» мәтін мазмұны бойынша берілген тұжырымдар (үзінді)

Таблица 3 – Выводы по содержанию текста «Основы туризма» (выписка)

Table 3 – Conclusions on the content of the text «Fundamentals of tourism» (extract)

№	Тұжырым
1	Туризм саласының алғашқы баспалдағы орта ғасырлардан басталады.
2	Туризмнің түрлерін жүктеуде адамдардың қызығушылығы негізгі фактор болып саналады.
3	Туризмнің бір нысаны – тарихи-мәдени ескерткіштер.

Кесте форматындағы материал ұяшықтарға бөлініп беріледі. Әр бағандағы таңба белгілі бір мәтіннің бөлшегі ретінде өз алдына бір ақпарат қамтиды. Осыған байланысты санамалы нөмірді белгілейтін цифрдан кейін қойылатын *нүкте*ге қатысты ереженің нақтылануы қажет деп ойлаймыз.

Пунктуация ережелерінің келесі бір параграфына (§9) назар аударайық. Онда: «Ұзындық, көлем өлшемдерінің және басқаларының қысқартылып қолданылатын шартты белгілерінен кейін *нүкте* қойылмайды: *км, м, см, га, л, v* (вольт), *a* (ампер), *C* (Цельсий)», – деп көрсетілген (Анықтағыш, 2000; 109). Алайда *миллион, миллиард, триллион* деген сияқты ауқымды сандар атауының қысқартылып берілген жағдайы нақтыланбаған.

«Қазақстан Республикасындағы балалардың 2022 жылғы жағдайы туралы баяндама» мәтінінде бұндай сандардың қысқартылған нұсқасынан кейін *нүкте* қойылған. Мысалы, «70,1 млрд. теңге көлеміндегі бюджет қаражаты көмекке және кепілдендірілген әлеуметтік пакетке бөлінді... 2022 жылы үйде оқитын 15,7 мың балаға 1,1 млрд. теңге сомасында төлем жүргізілді» (<https://www.gov.kz/memleket/entities/bala/documents>).

Ал «Егемен Қазақстан» материалдарында *миллион, триллион* сөздерінің қысқартылған түрі *нүктесіз* берілгенін көреміз. Мысалы, «Осы жылы 4,4 млн адамның барлық зейнетақы және

жәрдемақы түрлерінің мөлшері артады. Бұл мақсаттарға республикалық бюджетте 4,6 трлн теңге қарастырылған».

Демек, жазу тәжірибесінде ала-құлалық тудырып жүрген бұл ереже де (§9) нақтылануды қажет етеді деп есептейміз.

Сондай-ақ қазақ тілінің емле ережесі бойынша бастауыш зат есімнен немесе заттанған басқа сөз таптарынан жасалып, баяндауыш та атау тұлғадағы зат есімнен не заттанған басқа сөз таптарынан болғанда, бастауыштан кейін сызықша қойылатыны белгілі. Алайда сан есімнен жасалған бастауыштың цифрмен берілген жағдайы өз алдына бір ережені талап ететінін көреміз (Мысалы, 2023 – сенім мен бірлікті шыңдаған жыл («Егемен Қазақстан» газеті) және т.б.).

Бұған қоса белгілі бір өнім, тауар, өсімдік т.б. сұрпы, түрінің жазуда бас не кіші әріппен, тырнақшаға алынып не алынбай таңбалануына қатысты да ереженің қажеттілігі туындап отыр. Нақты ереженің болмауы салдарынан бұндай сөздер түрліше жазылып жүр. Мысалы, «Сол кезден бастап Алатау баурайындағы жабайы тәтті алмалар Сиверс алмасы атанған да кеткен. Бүгінгі апорттың тұқымы сол сиверс алмасының жалғасы болып саналатыны да сондықтан» («Егемен Қазақстан» газеті) сөйлемдеріндегі алма түрі біресе бас әріппен (Сиверс алмасы), біресе кіші әріппен (сиверс алмасы) берілген.

Ал «Жүгерінің жаңа буданы» мақаласындағы жүгері түрінің атауына («Пионер» сұрпы) назар аударсақ, ол бас әріппен және тырнақшаға алынып берілгенін көреміз: «Семинарға жиналған қауым алдымен Alem Agro, «Джон Дир», BNK Group, Eurasia Group сынды дүниежүзі мен Қазақстанда белгілі, егіншілікке қажетті техникаларды, тыңайтқыштарды, басқа да химикаттарды тарататын компаниялардың көрмеге қойған өнімдерін тамашалап, «Ернар» ЖШҚ жаңа технологиямен өсіріп, сынақтан өткізіліп, енді жаңа тұқым түрінде өндіріске ұсынылатын Американың «Кортева Агрисаенс Қазақстан» компаниясының «Пионер» жүгері сұрыптарының алқабымен танысты» («Егемен Қазақстан» газеті). Демек, жазуда ала-құлалық тудырып жүрген осындай жарыспа қолданыстарды біріздендіру үшін нақты ереже қажет.

Осы күнгі кирилл графикасы негізінде орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілден енген кірме сөздердің басым көпшілігі орыс орфографиясы бойынша таңбаланып жүргені белгілі. «Кезінде Орталықтың нұсқауымен жасалған, тоталитарлық режимнің «құндылықтары» (Уәли, 2018) ретінде танылатын бұндай сөздердің жазылу ережесіне Кеңес заманының ықпалы (қазақ емле ережелерінің соңғы басылымы 1983 жылы бекітілген), әлеуметтік-қоғамдық жағдайдың (қазақтілді оқу орындарының аз болуы, орыстілді азаматтардың басымдығы т.б.) әсері септігін тигізгені сөзсіз. Алайда қазіргі қазақыланған тіл тұтынушысы санасында дұрыс деп табылған қолданыстарға, тіл динамикасындағы өзгерістерге назар аударатын болсақ, орыс тілінен енген кейбір кірме сөздердің қазақ тілінің айтылым заңына сай бейімделіп жазылуы дағды алып бара жатқанын аңғаруға болады. Бұл, әсіресе, БАҚ беттеріндегі материалдардан жақсы байқалады.

Мысалы, «марка» сөзіне қатысты:

«”Lenovo” маркасі қай елге тиесілі екені маған маңызды емес. Себебі қазір жыл сайын жаңарып жатыр. Біздің мақсатымыз – сұранысқа жұмыс істеу» (<https://inbusiness.kz/>); «Әзілхан Нұршайықовтың туғанына 100 жыл» тақырыбындағы Қазақстан пошта маркасі шықты» (<https://nurshaikhov.kz/>); «Бүгінгі күні Риддер металлургиялық кешенінде жылына 112 мың тонна тауарлы мырыш өндіріліп, алыс шетелге, әлемдік нарыққа жөнелтіліп жатыр. Дүниежүзіндегі химиялық құрамы, тауарлық маркасі таза, сынамасы аса жоғары, ең сапалы мырыш осында өндіріліп жатыр. Тауар құрамындағы мырыш маркасінің көрсеткіші 99.995 пайыз» (<https://didar-gazeti.kz/>); «Дербес жағдайда, маркасі 12ХН3А және 20ХН3А цементтелінуші болаттардан электровоздар, моторвагондық секциялар, тепловоздар жасалынады» (<https://massaget.kz/>) және т.б.

«Команда» сөзіне қатысты:

«Ойыншыларды, жас балаларды, командьға парасына қарай емес, пәрменіне қарай алғанда футбол түзеледі» (<https://abai.kz/>); «GSIT — трайдинг саласында ең үздік курстар ұсанамыз. Біздің командьға қосыл! (<https://project.tilda.ws/>); «Командылар мадақтама қағаздарымен марапатталды» (<https://zhasulan-semey.kz/>) және т.б.

«Пломба» сөзіне қатысты:

«Азық-түлік салығына сары майды ерітіп, 40 литр алюминий ыдысқа толтырып, үстіне *пломбы* ретінде ешкінің майын ерітіп құятын» (<https://ortalyq.kz>); «Жылдар өткен сайын науқастар стоматологияға жоғары талап қояда. Көбіне назарларын *пломбының* косметикалық қасиетіне аударуда. Сондықтан эстетикалық реставрацияның орны жоғары болып отыр» (<https://barinbil.kz>); «Занды тұлғалы тұтынушылар *пломбының* бұзылуы, сумен жабдықтау және су бұру желілеріне қосылу, есепке алу аспаптарын *пломбылау* сұрақтары бойынша жүгінуге болады» (<https://astanasu.kz>) және т.б.

«Папка» сөзіне қатысты:

«Кенет Зейнолла Тілеужановтың қолындағы былғары *папкісіне* көз тікті. Су жаңа *папкі* екен» (<https://aikyn.kz>); «Қалың *папкіге* тігілген әртүрлі мазмұндағы құжаттардан Имекең ағамыздың бүкіл өмір жолы, ғылыми-педагогикалық еңбегі, соның ішінде табаны күректей он алты жыл еліміздің маңдайалды институтының оқу ісі жөніндегі проректоры болып қызмет атқарғаны сайрап жатқандай екен» (<https://kazgazeta.kz>); «Ахмет Байтұрсыновтың жеке *папкісімен* бірге өз қолымен жазған дәйектер де бар. Әрбір *папкіге* Алаш арыстарының өмірбаяны жазылған қағазды қыстырып қойды. Басқа мәліметтердің бәрі – құпия. *Папкілерді* қолмен ұстауға рұқсат жоқ. Ішін ашып қарауға да болмайды» (<https://www.bugin.kz>) және т.б.

«Этикетка», «визитка» сөздеріне қатысты:

«Фирмалық стильге мыналар жатады: белгі, қаріп жасау мен түрлі буклеттер, бланкілер, *этикеткілер, визиткілер*, кәдесый өнімдерін дайындау, қаптама мен қандай болмасын фирманың қолданатын басқа да компоненттер дизайны» (Конференция материалдары, 2022); «Есімі көпшілікке мәлім, 80-ге жуық кітаптың авторы, британдық жазушы, прозаик Сомерсет Моэм оқитын ештеңе болмаса *этикеткіден* бастап, ұшақ кестесіне дейін оқы, бұл мүлде оқымағаннан әлдеқайда жақсы депті ғой» (<https://qazir.kz>) және т.б.

«Факт», «киоск» сөздеріне қатысты:

«Аталған *факті* бойынша Алматы қаласы бойынша Антикор департаменті «Әділдік жолы» қоғамдық бірлестігінің өтінішін тіркеді» (<https://newsroom.kz>); «Біріншіден, ғылыми-тарихи *факті* жай ғана фактіден өзгеше болады. Ол зерттеушінің белгілі бір ой елегінен өткізілген, тарихи санада бейнеленген нақты нысаны бар, субъективті және объективті таным ғылыми білім жүйесіне қосылған» (<https://e-history.kz>); «Неше жүздеген материалды бір қауызға сыйғызып, оның қыр-сырын бір нүктеге бағындырып қойған қызметтік техниканың бірі – ақпараттық *киоскі*. Музей әкімшілігінің осындай заманауи жетістіктерге мән беріп отыратындығының арқасында Бас мұражайға екі бірдей ақпараттық *киоскі* қойылды» (<https://www.abaialemi.kz>) және т.б.

Емле ережесі мен сөздігі жазуда дағдыға айналған орфограммаларды заңдастырып отыратыны белгілі. Осымен байланысты алдағы уақытта шығатын ортологиялық құралдарда кейбір кірме сөздердің соңындағы «а» дыбысын сөздің ауызша дыбысталуына қарай өзгертіп, «ы» әрпімен жазу нұсқасын (*колбы, пломбы, команды, фазенді, кассы, массы, папкі, маркі, визиткі, этикеткі* және т.б.), сондай-ақ қатарынан екі қатаң дауыссыз дыбысқа (*ск, пт, кт, фт*) аяқталған кірме сөздердің түбір қалпын «ы, і» әріптері негізінде беру нұсқасын (*дискі, киоскі, концепті, реликті, факті, лифті, ландшафты* және т.б.) заңдастыруға болады деп ойлаймыз.

Бұған қоса: 1) орыс тілі арқылы басқа тілден енген кейбір сөздердегі «э» әрпін «е» әрпімен таңбалау (*кешбэк/кэшбэк → кешбек; хэштек/хэштэк → хештек; тэгтеу → тегтеу; хайтэк → хайтек; крэкер → крекер; каркадэ → каркаде* және т.б.); 2) кірме сөздердің сөз соңында кездесетін қайталама дауыссыздардың бірін түсіріп таңбалау (*процес, метал, кристал, конгрес, килограм* және т.б.) орфограммаларының заңдастырылуын қолдауға болады.

Сондай-ақ «ог» әріп тіркесімен аяқталған кірме сөздерге жалғанатын қосымша туралы ереженің де қайта қаралу қажеттілігі байқалады.

1988, 2007 және 2013 жылдары жарық көрген Орфографиялық сөздіктерде «ог» дыбыстарына аяқталған *агробиолог, аллерголог, анестезиолог, антрополог, каталог, педагог, психолог, уролог, фармаколог, эколог* сияқты сөздерге қосымша жіңішке жалғанған. Себебі қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі, жазба нормасына сәйкес «г» дыбысы тек жіңішке дауысты

дыбыстармен тіркеседі. Сондықтан да 2000 жылғы «Қазақ тілінің анықтағышында»: «ог, уг дыбыстарына аяқталған сөздерге қосымша жіңішке жалғанады: педагогке, педагогі, педагогтік, округке, округі, округтік» (Сыздық, 2000: 32), – деп көрсетілген. Яғни, сөздің соңғы дыбысы «г» дауыссызына аяқталып, оған қосымша жалғау мәселесінде қазақ тілінің буын үндестігі заңы емес, дауыссыз-дауысты дыбыстардың тіркесе алу ерекшелігі негізге алынған.

Алайда соңғы жылдары тіркелген тілдік фактілер бұл ереженің көпшіліктің күнделікті жазу тәжірибесіне сіңісіп кете алмағанын көрсетіп отыр. Буын үндестігіне мән беріп үйреніп қалған жазарман жалғауды жуан жазып, сөздің жазба тұрқында ала-құлалық байқалды. Сондықтан да бұндай және тілдің қазіргі жай-күйінде анықталған басқа да жаңа тілдік құбылыстарды бірізді орфографиялау мақсатында қазақ тілінің қолданыстағы емле ережелеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, орфограммасы бар сөздердің емлелері тұрақтандырылып, қалыптандырылуы қажет.

Қорытынды

Сонымен, зерттеу барысында ортологиялық құралдарда белгіленген қағидалар мен нормалардың қазіргі жазарман тарапынан тиісті деңгейде ескерілмейтіні анықталды. Жазудағы сауаттылық адамның оқу орнынан алған білімі мен дағдысына негізделетіні белгілі. Сондықтан да жазарманның дұрыс жазу дағдысын қалыптастыру ісі мектептен басталып, арнаулы, жоғары оқу орындарында жалғасын табуы керек. Оқушының, студенттің жазу сауаттылығы деңгейін арттыру үшін: 1) тұрақты түрде диктант алу (әрбір диктант мәтіні қазақ тілінің нақты бір емле ережесіне бағытталуы керек (мысалы, шылау ережесін пысықтауға арналған мәтін, дефиспен жазылатын сөздерге арналған мәтін т.б.); 2) бүкіл мектепке қысқа да нұсқа қарапайым тілмен жазылған орфографиялық және пунктуациялық ережелер жинағын (брошюрасын) тарату; 3) жоғары оқу орындарының филология мамандықтарына «Сауатты жазу» тәрізді арнайы курс енгізіп, төрт жыл бойы жүйелі түрде қазақ тілінің емле ережелерін оқыту қажет деп ойлаймыз.

Ортологиялық құралдарда белгіленген қағидалар мен нормалардың қолданыс деңгейін арттырып, әртүрлі тұлғада жазылып жүрген орфограммаларды біріздендіру, жазарманның күнделікті жазу-сызудағы қажеттілігін өтеу үшін: 1) жазылуы босаң нормаға жатқызылып жүрген *қыркүйек ~ қыргүйек, көкөніс ~ көгөніс, шекара ~ шегара, шекарашы ~ шегарашы, рахмет ~ рақмет* т.б. сөздерінің нақты бір нұсқасы алынып, босаң нормаға жататын сөздер қатарын мейлінше азайту; 2) санамалы нөмірді белгілейтін цифрдан кейін қойылатын нүктеге қатысты ереже мен ұзындық, көлем өлшемдерінің және басқаларының қысқартылып қолданылатын шартты белгілеріне қатысты ережені нақтылау, толықтыру; 3) сан есімнен жасалған бастауыштың цифрмен берілген жағдайы мен белгілі бір өнім, тауар, өсімдік т.б. түрінің жазылуына қатысты ереже қосу; 4) біресе бас әріппен (*Отан, Елорда, Мәңгілік Ел, Ата Заң, Мемлекеттік Ту, Әл-Фараби* т.б.), біресе кіші әріппен (*отан, елорда, Мәңгілік ел, Ата заң, Мемлекеттік ту, әл-Фараби* т.б.) жазылып жүрген сөздерге қатысты ереже қосу; 5) түпнұсқа тілінде (*YouTube, Instagram, Facebook, TikTok* т.б.), латын графикасы (*Egemen Qazaqstan* т.б.) және кирил графикасы (*Егемен Қазақстан, ютуб, инстаграм, фейсбук, тик-ток* т.б.) негізінде жазылып жүрген жарыспа орфограммаларға қатысты ереже қосу; 6) қазақ тіліндегі қысқарған сөздердің (*ӘКК, ҮЕҰ, БМСК, ХҚО* т.б.) тізімін жасау және сол сияқты басқа да шараларды жүзеге асыру қажет деп есептейміз.

Алдағы уақытта шығатын ортологиялық құралдарды толықтырып, жетілдіру барысында көпшілік санасында дұрыс деп табылған қолданыстарды (*қыркүйек, көкөніс, шекара, дастархан, педагогтар* т.б.) ескеріп, тіл динамикасындағы өзгерістерді (*команды, маркі, визиткі, дискі, киоскі, факті* т.б.) де тіркеп отыру маңызды болмақ. Өйткені академик Р.Сыздық көрсеткендей, «тілдік норманы анықтауда әлеуметтік талғам негізгі рөл атқарады, ал әлеуметтік талғамды күнделікті өмір қажеттігі, тілді пайдалану практикасы белгілейді» (Сыздықова Р., 2014; 26).

Әдебиеттер

Abai.kz [Электронды ресурс]. – <https://www.abai.kz/> (Пайдаланылған күні: 15.03.2024).

Aiqyn [Электронды ресурс]. – <https://aiqyn.kz/> (Пайдаланылған күні: 10.02.2024).

Әділет. Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі

- [Электронды ресурс]. – <https://adilet.zan.kz/kaz/> (Пайдаланылған күні: 20.03.2024).
- Білім айнасы [Электронды ресурс]. – <https://bilimainasy.kz/> (Пайдаланылған күні: 17.04.2024).
- Дәулетбекова Ж., Рай К., Юсуп П., Сарыбаева А. Қазақ тілі: Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. – Алматы: Атамұра, 2020. – 116 б.
- Didar [Электронды ресурс]. – <https://didar-gazeti.kz/> (Пайдаланылған күні: 18.04.2024).
- Егемен Қазақстан [Электронды ресурс]. – <https://egemen.kz/> (Пайдаланылған күні: 25.02.2024).
- Inbusiness.kz [Электронды ресурс]. – <https://inbusiness.kz/kz/> (Пайдаланылған күні: 24.02.2024).
- Конференция материалдары: «Ғылым және білім берудегі дәстүрлер мен инновациялар: тарих, қазіргі жағдай, перспективалар» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Орал, 2022.
- Qazaq gazetteri [Электронды ресурс]. – <https://kazgazeta.kz/> (Пайдаланылған күні: 17.03.2024).
- Newsroom [Электронды ресурс]. – <https://newsroom.kz/> (Пайдаланылған күні: 20.03.2024).
- Ortalyq Qazaqstan [Электронды ресурс]. – <https://ortalyq.kz/> (Пайдаланылған күні: 15.02.2024).
- Орфографиялық сөздік / құраст.: Н.Уәлиұлы, А.Фазылжанова, Қ.Күдерінова, Ғ.Әнес. – Алматы: Тіл білімі институты, 2007. – 480 б.
- Орфографиялық сөздік / құраст.: Н.Уәли, Қ.Күдерінова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, Н.Әміржанова, А.Әмірбекова. – Алматы: Дәуір, 2013. – 720 б.
- Сыздық Р. Қазақ тілінің анықтағышы (емле, тыныс белгілері, сөз сазы). – Астана: Елорда, 2000. – 532 б.
- Сыздықова Р. Тілдік норма және оның қалыптануы (кодификациясы). Көптомдық шығармалар жинағы. – Т. 8. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 292 б.
- Türkistan [Электронды ресурс]. – <https://turkistan.kz/> (Пайдаланылған күні: 25.02.2024).
- Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы, 2018. – 250 б.

References

- Abai.kz [Elektronny resurs]. <https://www.abai.kz> (Paidalanylgan kuni: 15.03.2024). [Abai.kz [Electronic resource]. <https://www.abai.kz> (date of Use: 15.03.2024).] (in Kazakh)
- Aiqyn [Elektronny resurs]. <https://aikyn.kz> (Paidalanylgan kuni: 10.02.2024). [Aikyn [Electronic resource]. <https://aikyn.kz> (date of Use: 10.02.2024).] (in Kazakh)
- Adilet. Qazaqstan Respublikasy normativtik quyqytyq aktiherining aqparattyq-quyqytyq juiesi [Elektronny resurs]. <https://adilet.zan.kz/kaz> (Paidalanylgan kuni: 20.03.2024). [Justice. Information and legal system of normative legal acts of the Republic of Kazakhstan [Electronic resource]. <https://adilet.zan.kz/kaz> (date of Use: 20.03.2024).] (in Kazakh)
- Bilim ainasy [Elektronny resurs]. <https://bilimainasy.kz> (Paidalanylgan kuni: 17.04.2024). [Knowledge mirror [Electronic resource]. <https://bilimainasy.kz> (date of Use: 17.04.2024).] (in Kazakh)
- Dauletbekova, Zh., Rai, K., Iusup, P., Sarybaeva, A. (2020) Qazaq tili: Zhalpy bilim беретin mektepting zharatylystanu-matematika bagytyndagy 11-synybyna arналган oqulyq. Almaty: Atamura, 116 b. [Dauletbekova, Zh., Rai, K., Yusup, P., Sarybayeva, A. (2020) Kazakh language: a textbook for the 11th grade of a comprehensive school in the natural and mathematical direction. Almaty: Atamura, 116 p.] (in Kazakh)
- Didar [Elektronny resurs]. <https://didar-gazeti.kz> (Paidalanylgan kuni: 18.04.2024). [Didar [Electronic resource]. <https://didar-gazeti.kz> (date of Use: 18.04.2024).] (in Kazakh)
- Egemen Qazaqstan [Elektronny resurs]. <https://egemen.kz> (Paidalanylgan kuni: 25.02.2024). [Sovereign Kazakhstan [Electronic resource]. <https://egemen.kz> (date of Use: 25.02.2024).] (in Kazakh)
- Inbusiness.kz [Elektronny resurs]. <https://inbusiness.kz/kz> (Paidalanylgan kuni: 24.02.2024). [Inbusiness.kz [Electronic resource]. <https://inbusiness.kz/kz> (date of Use: 24.02.2024).] (in Kazakh)
- Konferencija materialdary (2022): «Gylym zhane bilim berudegi dasturler men innovacijalar: tarih, qazirgi zhag dai, perspektivalar» atty halyqaralyq gylymi-tazhiribelik konferencijanyng materialdary. Oral. [Materials of the conference (2022): materials of the international scientific and practical conference "Traditions and innovations in Science and education: history, current situation, prospects". Oral.] (in Kazakh)
- Qazaq gazetteri [Elektronny resurs]. <https://kazgazeta.kz> (Paidalanylgan kuni: 17.03.2024). [Kazakh newspapers [Electronic resource]. <https://kazgazeta.kz> (date of Use: 17.03.2024).] (in Kazakh)
- Newsroom [Elektronny resurs]. <https://newsroom.kz> (Paidalanylgan kuni: 20.03.2024). [Newsroom [Electronic resource]. <https://newsroom.kz> (date of Use: 20.03.2024).] (in Kazakh)
- Ortalyq Qazaqstan [Elektronny resurs]. <https://ortalyq.kz> (Paidalanylgan kuni: 15.02.2024). [Central Kazakhstan [Electronic resource]. <https://ortalyq.kz> (date of Use: 15.02.2024).] (in Kazakh)
- Orfografiyalıq sozdik (2007). Qurast.: N. Ualiuly, A. Fazylzhanova, K. Kuderinova, G. Anes. Almaty: Til bilimi instituty, 480 b. [Spelling dictionary (2007). Compiled by: N. Ualiuly, A. Fazylzhanova, K. Kuderinova, G. Anes. Almaty: Institute of Linguistics, 480 p.] (in Kazakh)
- Orfografiyalıq sozdik (2013). Qurast.: N. Uali, K. Kuderinova, A. Fazylzhanova, Zh. Isaeva, N. Amirzhanova, A. Amirbekova. Almaty: Dauir, 720 b. [Spelling dictionary (2013). Compiled by: N. Uali, K. Kuderinova, A. Fazylzhanova, Zh. Isaeva, N. Amirzhanova, A. Amirbekova. Almaty: Era, 720 p.] (in Kazakh)
- Syzdyq R. (2000) Qazaq tilining anyqtagyshy (emle, tynys belgileri, soz sazy). Astana: Elorda, 532 b. [Syzydyk R. (2000) Determinant of the Kazakh language (spelling, punctuation, word music). Astana: The Capital, 532 p.] (in Kazakh)
- Syzdyqova R. (2014) Tildik norma zhane onyng qalyptanuy (kodifikacijasy). Koptomdyq shygarmalar zhinagy. T. 8. Almaty: El-shezhire, 292 b. [Syzydykova R. (2014) The language norm and its formation (codification). Collection of multi-

volume works. Vol. 8. Almaty: El-shezhire, 292 p.] (in Kazakh)

Turkistan [Elektronnyy resurs]. <https://turkystan.kz> (Paidalanylğan kuni: 25.02.2024). [Turkestan [Electronic resource]. <https://turkystan.kz> (date of Use: 25.02.2024).] (in Kazakh)

Uali N. (2018) Grafika. Orfografiya. Orfoepiya. Almaty, 250 b. [Uali N. (2018) Graphics. Spelling. Orthoepy. Almaty, 250 p.] (in Kazakh)

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 30.06.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 03.09.2024.

© Хабиева А.А., Мамырбек Г.М., Қасымова Ә.А., 2024

© А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, 2024

Айнұр Аташбекқызы Сейітбекова^{1*}, Нұржұма Елесбай²^{1*} автор-корреспондент, филология ғылымдарының кандидаты,

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, Қазақстан, Алматы қ.,

ORCID: 0000-0003-4268-1572 E-mail: ainurseit@mail.ru

² педагогика ғылымдарының магистрі, М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
Қазақстан, Алматы қ., ORCID: 0000-0002-0482-1223 E-mail: n.a.sh_januya@mail.ru**ТАРИХИ ПОЭТИКАЛЫҚ ІШКОРПУС:
ЕСКІ ҚАЗАҚ ПОЭТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕР БАЗАСЫ**

Аңдатпа. Мемлекеттік тілдің ақпараттық-инновациялық базасы, ғылыми-зерттеу және оқыту интернет-ресурсы ретінде Қазақ тілінің ұлттық корпусының (бұдан әрі – ҚТҰК) «Тарихи поэтикалық ішкорпусын» әзірлеудің қажеттілігі зерттеудің өзектілігін көрсетеді. «Тарихи поэтикалық ішкорпус» мәтіндер базасына VI-XIX ғғ. жазба мұралар мәтіндері қамтылуы қажет. Алайда қазіргі «Тарихи поэтикалық ішкорпус» әзірлеудің алқашқы кезеңінде корпус базасына XV-XIX ғғ. ескі қазақ поэтикалық мәтіндері енеді. Бұл кезеңдегі жазба мұралар мәтіндері араб графикасымен жазылған. Жазба мұралар қолжазбаларының екі немесе бірнеше нұсқасы болады және қолжазба мәтіндерінің басым көпшілігі қазіргі таңда кирил графикасына түскен. Осындай мәтіндерді корпус базасына енгізбестен бұрын лингвотекстологиялық өңдеулер мен түзетулер жүргізіледі. Мақаланың мақсаты – өзге тілдердің поэтикалық корпус әзірлеу тәжірибесін зерттеу, араб графикалы және кирилграфикалы мәтіндерге лингвотекстологиялық талдау жасау, ҚТҰК-ның «Тарихи поэтикалық ішкорпус» мәтіндеріне метабелгіленім қою мәселесін қарастыру. Бұдан зерттеудің мынадай міндеттері келіп шығады: *біріншіден*, поэтикалық ішкорпус әзірлеуде өзге тілдердің корпус тәжірибелеріне талдау жасап, артықшылықтарын анықтау; *екіншіден*, арабграфикалы және кирилграфикалы мәтіндерді салыстырып, лингвотекстологиялық талдау жүргізу; *үшіншіден*, тарихи поэтикалық метабелгіленімдердің параметрлерін анықтау. *Зерттеудің практикалық мәні.* Тарихи поэтикалық жазба мұралар мәтіндерін цифрландырып, корпуслық мәтіндер базасын әзірлеу – жаңа филологиялық, этнолингвистикалық білімдер жүйесін қамтамасыз етуге, ғылыми тілдік зерттеулер жасауға ықпал етеді.

Тірек сөздер: поэтикалық корпус; поэтикалық метабелгіленім; жазба мұралар; мәтіндер базасы; қолжазба**Қаржыландыру көзі:** Мақала BR21882249 «Мәдениетаралық коммуникация құралы ретіндегі қазақ тілінің ұлттық корпусын (ҚТҰК) жетілдіру және оның ішкорпустарын кеңейту» атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.**Сілтеме жасау үшін:** Сейітбекова А.А., Елесбай Н. Тарихи поэтикалық ішкорпус: ескі қазақ поэтикалық мәтіндер базасы. *Tiltanym*, 2024. №3 (95). 140-150-бб.DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-140-150>**Айнұр Аташбековна Сейітбекова^{1*}, Нұржұма Елесбай²**^{1*} автор-корреспондент, кандидат филологических наук,

Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы, Казахстан, г. Алматы,

ORCID: 0000-0003-4268-1572 E-mail: ainurseit@mail.ru

² магистр педагогических наук, Институт литературы и искусства имени М. Ауэзова,

Казахстан, г. Алматы, ORCID: 0000-0002-0482-1223 E-mail: n.a.sh_januya@mail.ru

**ИСТОРИЧЕСКИЙ ПОЭТИЧЕСКИЙ ПОДКОРПУС:
БАЗА СТАРОКАЗАХСКИХ ПОЭТИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ**

Аннотация. Актуальность исследования обусловлена необходимостью разработки «Исторического поэтического подкорпуса» Национального корпуса казахского языка (далее – НККЯ) как информационно-инновационной базы государственного языка, научно-исследовательского и обучающего интернет-ресурса. Текстовая база «Исторического поэтического подкорпуса» должна охватить тексты письменных памятников VI–XIX вв. Однако на начальном этапе разработки «Исторического поэтического подкорпуса» в базу будут включены староказахские поэтические тексты XV-XIX вв. Письменное наследие этого периода написано арабской графикой. Рукописи письменных наследий имеют две и более версии, и подавляющее большинство рукописных текстов теперь написано кириллицей. До внесения таких текстов в базу корпуса проводится лингвотекстологическая обработка и корректировка. Цель статьи – изучить опыт создания поэтического подкорпуса других языков, провести лингвотекстологический анализ арабграфических и кириллографических текстов, рассмотреть вопросы разработки метаразметки текстов «Исторического поэтического подкорпуса» НККЯ. Из этого вытекают следующие задачи

исследования: *во-первых*, проанализировать опыт других языков в разработке поэтического подкорпуса и выявить их преимущества; *во-вторых*, провести лингвотекстологический анализ с сопоставлением арабографических и кириллографических текстов; *в-третьих*, определить параметры исторической поэтической метаразметки. *Практическая значимость исследования.* Оцифровка текстов исторического поэтического наследия и разработка базы корпусных текстов способствует обеспечению новой системы филологических, этнолингвистических знаний, проведению научных лингвистических исследований.

Ключевые слова: поэтический корпус; поэтическая разметка; письменные наследия; текстовая база данных; рукопись

Источник финансирования: Статья подготовлена в рамках проекта программно-целевого финансирования №BR21882249 «Совершенствование и расширение подкорпусов национального корпуса казахского языка (НККЯ) как средства межкультурной коммуникации».

Для цитирования: Сейтбекова А.А., Елесбай Н. Исторический поэтический подкорпус: база староказахских поэтических текстов. *TiltanyM*, 2024. №3 (95). С. 140-150. (на каз. яз.)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-140-150>

Ainur Seitbekova^{1*}, Nurzhuma Yelesbai²

^{1*}Corresponding author, Candidate of Philological Sciences, A. Baitursynuly Institute of Linguistics, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0003-4268-1572 E-mail: ainurseit@mail.ru

²Master of Pedagogical Sciences, M. Auezov Institute of Literature and Art, Kazakhstan, Almaty, ORCID: 0000-0002-0482-1223 E-mail: n.a.sh_januya@mail.ru

HISTORICAL POETIC SUBCORPUS: DATABASE OF OLD KAZAKH POETIC TEXTS

Annotation. The relevance of the research is due to the need to develop a «Historical poetic subcorpus» of the National Corpus of the Kazakh Language (hereinafter – the NCKL) as an information and innovation base of the state language, a scientific research and educational Internet resource. The text base of the "Historical Poetic subcorpus" should cover the texts of written monuments of the VI – XIX centuries. However, at the initial stage of the development of the «Historical Poetic subcorpus», Old Kazakh poetic texts of the XV-XIX centuries will be included in the database. The written legacies of this period are written in Arabic graphics. Manuscripts of written legacies have two or more versions, and the vast majority of handwritten texts are now written in Cyrillic. Before entering such texts into the corpus database, linguistic and textual processing and correction are carried out. The purpose of the article is to study the experience of creating a poetic subcorpus of other languages, to conduct a linguotextological analysis of Arabic and Cyrillographic texts, to consider the issues of developing meta-labeling of texts of the "Historical poetic subcorpus" of the NCKL. This implies the following research objectives: firstly, to analyze the experiences of other languages in the development of a poetic subcorpus and to identify their advantages; secondly, to conduct a linguotextological analysis with a comparison of Arabic and Cyrillic texts; thirdly, to determine the parameters of historical poetic meta-markup. *The practical significance of the study.* The digitization of texts of historical poetic heritage and the development of a database of corpus texts contributes to the provision of a new system of philological, ethno-linguistic knowledge, the creation of scientific linguistic research.

Keywords: poetic corpus; poetic markup; written heritage; text database; manuscript

Source of financing: The article was prepared within the framework of the project of program-targeted financing of the No. BR21882249 "Improvement and expansion of the subcorpora of the national corpus of the Kazakh language as a means of intercultural communication".

For citation: Seitbekova A., Yelesbai N. Historical Poetic Subcorpus: Database of Old Kazakh Poetic Texts. *TiltanyM*, 2024. №3 (95). P. 140-150. (in Kazakh)

DOI: <https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-3-140-150>

Кіріспе

Жалпы тіл білімінде тілдік зерттеулерді іске асыруда ауқымды цифрланған мәтіндер базасы немесе терең аннотацияланған деректер қорын қамтитын тілдік корпус мүмкіндіктерін кең пайдалану тәжірибесі қарқынды дамып келеді. Тілдік корпус – толық әрі ыңғайлы метабелгіленімдерімен қамтамасыз етілген ірі лингвистикалық база ретінде әлемнің көптеген мемлекеттерінде тілдің даму үдерісіне қатысты бірқатар мәселелерді айқындайтын таптырмас көмекші құрал есебінде пайдаланылады. Бұл өз кезегінде бүгінгі пайдаланушының сұраныстарына сәйкес корпус базасын толықтырып, жетілдіру жолында тілтанушы мамандар мен бағдарламашылардың үздіксіз ізденістері мен қажырлы еңбегін талап етеді. Отандық қолданбалы лингвистика ғылымының негізін салған профессор А.Жұбанов қазақ тіліндегі мәтіндерді автоматтандыру мәселесінің маңызы мен қажеттілігі жайында былайша атап өтеді:

«Қазақ мәтіндерінің стильдік, құрылымдық, мағыналық, функционалдық және т.б. сипаттарын анықтау өзекті мәселелердің бірі. Сондықтан автоматтанған қазақ тіліндегі мәтіндер корпусының компьютерлік базасын құру да ғылыми және практикалық жағынан аса құнды мәселе» (Жұбанов, 2010: 191-197).

2016 жылы Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтында А.Фазылжанованың жетекшілігімен «Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеу» жұмыстары басталды. Қазіргі таңда ҚТҰК ауқымды корпусық ресурс ретінде көпшілікке қолжетімді форматта үздіксіз жұмыс жасап жатыр. А.М. Фазылжанова: «Әлемдік корпусық лингвистика жетістіктері мен ұлттық корпусарды жасау мен пайдаланудың озық тәжірибелеріне (Ресей Федерациясы, Финляндия, АҚШ, Жапония және т.б.) сүйене отырып, әртүрлі лингвистикалық белгіленімдер мен метабелгіленімдер енгізілген, қазақ тілінің стильдік жанрларын толық қамтитын Қазақ тілінің ұлттық корпусының кең ауқымды, үйлестірілген әрі жан-жақты болуын қамтамасыз ету жұмыстары болашақта жүргізіле бермек», – дейді (Фазылжанова, 2023: 18). А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының мамандары әзірлеген Қазақ тілінің ұлттық корпусы бірнеше ішкорпустан тұрады. Әр ішкорпустың өзіндік функционалдық, тілтанымдық ерекшелігі бар. Сонымен қатар Қазақ тілінің ұлттық корпусы қазақ тілінің байырғы графикасынан, жазу ерекшелігінен, авторлардың қолтаңбасынан, лексикасынан, сөз саптауынан, өлең құрылысынан, сөз қолдану шеберлігінен, стилінен, тұрақты сөз орамдарынан тілтанымдық ақпарат беретін *тарихи поэтикалық ішкорпусымен* де толығу қажет. Орыс тілі поэтикалық корпусының маңызы мен қажеттілігі жайында орыс тілінің корпусын құрастырушы мамандар келесідей пікір білдіреді: «Поэтические тексты интересны не только специалистам по поэтике; это – один из важнейших источников для изучения языка в целом, как в синхронии, так и в диахронической ретроспективе и перспективе» (Орехов, 2019: 41-50). Қазіргі таңда тарихи поэтикалық ішкорпус әзірлеудің алғашқы кезеңінде XV-XIX ғғ. халық ауыз әдебиеті үлгілерінің поэтикалық мәтіндер базасын жинақтап, өңдеп, қолжазба мәтіндерінің нұсқаларына лингвотекстологиялық түзетулер жүргізіп, поэтикалық метабелгіленім параметрлерін әзірлеуді мақсат етіп отырмыз.

Материал және әдістер

Жұмыстың зерттеу материалдары ретінде ауыз әдебиеті үлгілерінің мәтіндері пайдаланылды. Атап айтқанда, «Қалдан Серен Абылайды тұтқынға алғаны» тарихи жыры, «Қарға батыр», «Қисса Шеризат – Күлшат» ғашықтық дастандары.

Зерттеу барысында поэтикалық корпусы әзірлеудегі әлемдік тәжірибелерді талдауда *сипаттау, салыстырмалы әдістер*, ауыз әдебиеті үлгілерінің қолжазба және кирил графикасына түскен мәтіндерін салыстыруда *лингвотекстологиялық, мәнмәтіндік әдістер*, поэтикалық мәтіндердің метамәтіндік белгіленімдері параметрлерін анықтауда *сипаттау, тарихи-салыстырмалы әдістер*, тарихи поэтикалық мәтіндердің базасын және олардың топтарын нақтылауда *топтастыру, жүйелеу* әдістері қолданылады.

Әдебиетке шолу

Қазақ тілінің ұлттық корпусын әзірлеген отандық ғалымдардың: А.Жұбанов, А.Жаңабекова, А.Фазылжанова, орыс тілінің поэтикалық корпусын зерттеген: Е.А. Гришина, К.М. Корчагин, В.А. Плунгян, Д.В. Сичинава, поэтикалық метабелгіленімдерді нақтылауда: Р.Сыздық, Қ.Өміралиев, Қ.Жанабаев т.б. ғалымдардың теориялық еңбектері зерттеу жұмысымызға арқау болды.

Бүгінде ғаламтор желісінде қалың оқырманға қолжетімді бірнеше поэтикалық корпус үлгілері белгілі. Олар: башқұрт тілінің поэтикалық корпусы, орыс тілінің поэтикалық ішкорпусы, чех тілінің поэтикалық корпусы, парсы тілінің поэтикалық корпусы және т.б. Соның ішінде, көлемі жағынан ауқымды, арнайы поэтикалық белгіленімге ие 13 млн сөз қолданыстан тұратын ірі электронды ішкорпустың бірі – *орыс тілінің поэтикалық ішкорпусы*. Орыс тілінің поэтикалық ішкорпусы проф. В.А. Плунгянның басшылығымен Ресей Ғылым Академиясына қарасты Орыс тіл білімі институтында жасалып, 2006 жылдың желтоқсан айында көпшілік назарына ұсынылды. Берілген поэтикалық ішкорпус мәтіндері екі түрлі белгіленім жүйесінен тұрады. Біріншісі, жалпы корпусқа тән лингвистикалық белгіленім (грамматикалық, морфологиялық және т.б.), ал екіншісі әдебиеттану және тіл мамандарына арналған өлеңнің

құрылымдық ерекшеліктерін ажыратушы поэтикалық белгіленім (метр, тармақ ұзындығы, клаузула, шумақ, ұйқас және т.б.) (Плунгян, 2009).

Орыс тілінің поэтикалық ішкорпус интерфейсында іздеу жүйесі пайдаланушыға поэтикалық шығармаларда кездесетін жеке сөздер мен қолданыстарды табумен ғана шектелмей, өлеңнің құрылымдық жүйесін құрайтын *метр*, *строфа* (өлең жолдарының үндесуі), *клаузула* (өлең өлшемдерінің соңғы бөлігі) сынды параметрлер арқылы іздеуге мүмкіндік береді. Корпус мәтіндерінің дереккөзі – электронды академиялық кітапханалар қоры (Орыс тілінің поэтикалық корпусы, 2023). Сондай-ақ, орыс тілінің поэтикалық ішкорпусын құрастырушы мамандар корпус базасына мәтін жинақтау шарттарын анықтауда орыс тілі поэтикасын зерттеуші белгілі ғалым М.Л. Гаспаровтың зерттеулерін негізге алған (Орехов, 2015: 113-127). Нәтижесінде поэтикалық мәтіндерге қойылатын келесідей талаптарды белгілейді:

1. Корпусқа енетін автор шығармаларының «Библиотека поэта» сынды академиялық басылымдарға еніп, жинақталуы;
2. Корпусқа енетін автор шығармаларына қатысты зерттеу жұмыстарының болуы;
3. Корпусқа енетін соңғы 50 жылдағы автор шығармаларына қатысты сыни әдебиеттердің болуы (Корчагин, 2008).

Жоғарыда берілген талаптарға сәйкес құрастырушылар ішкорпус базасына енетін поэтикалық шығармаларды қатаң іріктеуден өткізеді. Бұл бірінші кезекте орыс тілінің поэтикалық ішкорпус базасына жинақталатын шығармалардың негізінде XVIII-XXI ғғ. шығармаларды толық қамтуға және осы арқылы екшелген мәтіндер базасын жасауға мүмкіндік береді. Мәтіндерді іріктеуде арнайы критерийлердің болуы – орыс тілінің поэтикалық ішкорпусының басты артықшылықтарының бірі деп есептейміз.

Белгіленім жүйесі бойынша мәтіндері лингвистикалық (морфологиялық) және поэтикалық (метрлік) белгіленімге ие келесі поэтикалық корпус – *башқұрт тілінің поэтикалық корпусы*. Берілген корпус проф. Б.В. Ореховтың басшылығымен Башқұрт мемлекеттік университетінде жасалып, 2013 жылдың қазан айында қолданысқа ұсынылды. Башқұрт тілінің поэтикалық корпусына барлығы 1,8 млн сөзқолданысты құрайтын, XX-XXI ғасыр аралығында жазылған 101 ақынның 17 мыңға жуық поэтикалық шығармалары енгізілген (Башкирский поэтический корпус, 2023). Әрбір поэтикалық шығарманың авторлық құқығы сақталған. Башқұрт тілінің поэтикалық корпусы башқұрт поэтикасын зерттеуші мамандарға ғана емес, жалпы башқұрт тілін зерттеуші кез келген қолданушыға арналған қажетті құрал болып есептеледі. Поэтикалық корпус мәтіндерінде лексика-грамматикалық және поэтикалық белгіленім арқылы іздеу жүргізуге болады. Сондай-ақ, башқұрт поэтикалық корпусының басты артықшылықтарының бірі – қолданушы корпус интерфейсында іздеу жүйесінде жеке авторлар арқылы іздеу параметрін таңдап, корпус базасында қамтылған әр автордың шығармашылығымен тереңірек таныса алады. Олай болса башқұрт тілінің поэтикалық корпусының оңтайлы іздеу жүйесімен жабдықталған интерфейсін әрбір жеке автордың сөзқолданыс ерекшеліктеріне статистикалық, лингвистикалық әрі поэтикалық талдаулар жүргізуге мүмкіндік береді.

Чех тілінің поэтикалық корпусы XIX-XX ғғ. чех тілінің поэтикалық шығармаларын қамтиды. Жалпы көлемі – 14,6 млн сөзқолданыс. Чех тілінің поэтикалық корпусын құрастыру жұмысына Чех әдебиеті институтының зерттеуші мамандары қатысып, жұмыстың алғашқы кезеңі 2013 жылы аяқталды. Поэтикалық корпус базасындағы әрбір сөзтұлғаға (словаформа) фонетикалық транскрипция беріліп, грамматикалық категориясы мен әр шығарманың құрылымдық ерекшелігіне сай поэтикалық метабелгіленімі анықталған. Чех тілінің поэтикалық корпус базасы негізінде чех өлеңдерінің дыбыстық әуезділігін анықтауға мүмкіндік беретін «Эвфонометр» қосымшасы жасалған (Чех тілінің поэтикалық корпусы, 2023). Чех тілінің поэтикалық корпусының артықшылығы: поэзия тілін зерттеуші мамандарға дыбыс әуезділігін қарастыратын поэтика саласын дамытуда таптырмас көмекші құрал бола алады.

Парсы тілінің поэтикалық корпусы – жасалу уақыты және көлемі бойынша әзірге ең жас поэтикалық корпусардың бірі. Парсы тілінің поэтикалық корпусы пайдалануға 2020 жылы берілді. Бүгінгі таңда корпус базасына IX-XVII ғғ. аралығын қамтитын 16 842 поэтикалық шығарма енген, бұл үздіксіз толығып отыратын үдеріс. Жалпы поэтикалық корпус базасы 4,3

млн сөзқолданыстан тұрады. Парсы тілінің поэтикалық корпус мәтіндері әзірге морфологиялық және жартылай поэтикалық метрлік белгіленімге ие (Парсы тілінің поэтикалық корпусы, 2023). Берілген корпус алдағы уақытта сан және сапа жағынан толығып, парсы поэзиясы мен парсы тілін зерттеуші мамандар, шығыстанушылар мен түркітанушылар үшін пайдалы көмекші құрал болмақ.

Жоғарыда көрсетілген әлем тілдерінің поэтикалық корпус тәжірибесін саралай отырып, кез келген тілдің поэтикалық корпусы сол халықтың әдебиетінен, мәдениетінен ақпарат беретін және тіл байлығын танытатын маңызға ие екендігін атап өткеніміз келеді. Осыған орай поэтикалық корпус жобасын қолға алу, дамыту – өзекті мәселе.

Нәтижелер және талқылау

Жалпы поэзия ұғымы ерте кезден қалыптасқаны белгілі. Поэзия тілінде жазылған жазба мұралар көне дәуірден бастау алады. Осыған орай тарихи поэтикалық ішкорпусқа енетін мәтіндер базасын хронологиялық тұрғыдан бірнеше кезеңге бөлуге болады:

1. V – IX ғғ. көне түркі поэзиясы
2. X – XIV ғғ. орта ғасыр поэзиясы
3. XV – XIX ғғ. ескі қазақ поэзиясы
4. XX – XXI ғғ. қазақ поэзиясы

Алайда тарихи поэтикалық мәтіндер базасын әзірлеудің алғашқы кезеңінде XV-XIX ғғ. *ескі қазақ поэтикалық* мәтіндер қамтылады. Солардың бірі қазақ халқының ертеден келе жатқан әдеби, мәдени мұрасының бірі – *ауыз әдебиеті поэтикалық үлгілері* (хикаялық дастандар, діни дастандар, батырлық жырлар, ғашықтық жырлар, қаһармандық дастандар, айтыстар, нақыл-өсиет өлеңдер т.б.). Олардың басым көпшілігі араб графикасында хатқа түскен, еліміздегі сирек қолжазбалар қорында сақталған. XIX ғасырдың 20-30-жылдарынан бастап қағазға түсіріліп, кітап болып жариялана бастады. Тәуелсіздік алған жылдардан бастап фольклорлық мұраларды М.О. Әуезов атындағы институт мамандары мемлекеттік «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Бабалар сөзі» атты сериямен 100 том етіп дайындап, қалың жұртшылыққа ұсынды. Бүгінгі таңда көптомдық сериямен жарияланған бұл басылымдар тілтанушылардың да зерттеу материалдарына айналып отыр (Бабалар сөзі, 2005).

Қолымызға түскен қолжазба күйінде сақталған ауыз әдебиетін, поэтикалық үлгілерінің табылуы, жариялануы мен танылуына қарай үш топқа бөлуге болады:

Бірінші топқа баспа бетін көрмеген жыр-дастандар жатады. Олардың кейбіреулері шығыстың классикалық әдебиеті сюжетіне құрылған. Мәселен, Асылбек пен Гүлжиһан қиссасы, Жетім Мариям, Қарға батыр, Қисса Шеризат Күлшат Мырқы батыр, Нұғыман – Нағиманның қиссасы, Сырым батыр, Үшбу қисса Зеңгір жүһүд, Хикая Әбушаһыма т.б.

Екінші топқа халық арасына кең тарап баспа бетінде жарияланып үлгерген «Қозы Көрпеш – Баян сұлу», «Қыз Жібек», «Бөгенбай батыр» т.б. шығармалар. Жыр-дастандардың мәтіндері бірнеше ғасырды кешіргендіктен, олардың екі немесе одан да көп нұсқалары болады. Кейде шығарманың негізгі желісіне басқаша бір оқиғалар қосылса, екінші нұсқада ол оқиғалар болмайды, ал үшінші нұсқада оқиғалардың шиеленісі, шарықтау шегі мүлдем өзгеше болады.

Үшінші топқа халық арасына кең тарамған, әрі өзге нұсқалары бар шығармалар жатады. Мәселен, Мырзаш батыр (Ниязбек нұсқасы, 1-2-3 бөлім), Мырзаш батыр (Сағидолла нұсқасы), Мырзаш батыр (Ержан Ахметов нұсқасы) т.б.

«Бабалар сөзі» көп томдық сериясын әзірлеушілер шығармалардың баспа бетін көрмей, жарияланбай қалу себептерін былайша атап өтеді: 1. Қоғамдық-идеологиялық мүдделерге сай келмеген; 2. Фольклорлық туындылардың табиғаты ескерілмей, оларға жазба әдебиет шығармаларына қолданылатын талаптар қойылған. Ал жарияланған мәтіндердің көбісі саяси-идеологиялық, қатаң цензуралық бақылау салдарынан мәтіндік қысқарту мен редакциялық түзетуге ұшыраған (Бабалар сөзі, 2005).


Араб графикалы қолжазбаны кирилге түсіргенде мынадай лингвистикалық ерекшеліктер байқалды: бұл кезеңдердегі барлық шығармаларда кірме араб, парсы сөздері цитаталық принциппен түпнұсқа тіліндегі нормамен жазылған. Түпнұсқадағыдай емес, қазақ тілінің фонетикалық ерекшелігіне сәйкес игеріліп жазылған. Мәселен, *Алла* сөзі түпнұсқада *Аллаһ* деп

берілсе де, кирил графикасында Алла формасы сақталған. Сонымен қатар Алланың барлық есімдері бас әріппен жазылған.

Кесте 1 – «Қисса Шеризат – Күлшат» атты қолжазбаның 2-ші бетінен үзінді

Таблица 1 – Отрывок из 2-й страницы рукописи «Кисса Шеризат – Кулшат»

Table 1 – Excerpt from page 2 of the manuscript «Qissa Sherizat – Kulshat»

	<p>Шабытым көкке шарықтап, Құмармын дастан, нақылға. Домбыра, сырнай үйреніп, Болып ем үйір басында. Қалам алып қолыма, Әр сөздің болдым нәшінде.</p>
---	---

Игеріліп жазылған сөздердің бірі – *нәшін*. Түпнұсқада *нашында* деп жазылған (1-кесте). Өлең мазмұнына қарай «сөздің ырғағына» деген мағына беріп тұр. Қазіргі тілімізде *нашына/нәшіне/машына келтірді* варианттары әлі күнге дейін кездеседі. Кирилге түсіру барысында автор жіңішке вариантымен *нәшінде* деп транскрипциялаған. Бұл Р.Сыздықтың: «Қазақ тіліндегі сөздер сингармониялық тембріне байланысты жуан-жіңішке болып үндеседі. Сөздің қалай таңбаланғанына қарамастан, ішінде жуан-жіңішке дауысты дыбыс әріптері жазылғанмен, тұтасымен не жуан, не жіңішке болып таңбалануы қажет», – деген принципіне сәйкес келеді (Сыздықова, 2000: 187).


Қолжазбада кездесетін орта түркі тіліннің кітаби лексикалық және грамматикалық қолданыстары түпнұсқадағыдай өзгеріссіз түсірілген: *түрлік, тірік, дүр, бірлән, илә, сәна, үшбу, анығ, андын, әйла, соңыра*, т.б.

